деген өлеңдердегі қоштасу ел мен жерге деген ыстық махаббаты, патшаның ісіне қатысты өрескелдікті барынша ашады. Сонымен қоса майданға аттанған ерлер, қазақ даласында қару алып, қарсылық көрсеткен Аманкелді, Бекболат туралы жоқтаулар ел аузына тез тарап үлгерген. Халықтың осы күйзелісіне ерлікпен жауап берген қаһарман батырларға арнау өлеңдер шығарылып, эпикалық тұрғыдан дәріптеуге ұласқандығын Аманкелді, Бекболат жырлары дәлелдейді. Бірден көлемді жырға айналмай, алғашқыдағы ерлігіне қатысты туған "Қамалды бұзған қаһарман" атты ел аузындағы Аманкелдіге арналған тарихи өлең бұны барынша анықтай түседі: Мысалы:

Қазақта әскер алу болды талап:
19-31 мен түгел санап.
Патшаға қарсы болмай беріңдер - деп,
Халыққа үйен жарлық келді тарап.
Бас қосып ел ерлері ақылдасты,
Біреулі байлар, болыс мақұлдасты.
Патшаның қаламыз деп қарғысына,
Беруге адам жинап жақындасты.
Торғайға қараушы еді он екі
Ежелден мекен еткен ата қоныс.
Он сегіз мың межесі үй саны бар,
Қалада айдап тұрад ноғай, орыс.
Екі ата: Арғын, қыпшақ қазақтары
Қарайды бір Торғайға санақтары.
Болысқа әскер беру ауыр емес,
Кезекті табылған соң тамақтары.

Он тоғыз бен отыз бір сұрағаны
Зарланып кімбір-шалдың жылағаны.
Сендерсіз бізге дүние не керек?, - деп
Қан аққан көздің жасын бұлағаны.
Отырды Аманкелді қаулап жанып,
Түрленіп құбылады ойға қалып.
Қосақтап малша жасты бермейміз деп,
Орнынан тұра келді айғай салып [8, 183 б.],

деген шумақтарды төмендегі тарихи естеліктер де нақтылайды: "1916 жылғы 25 үйінде 19 бен 31 жастағыларды майдандағы қара жұмысқа алады дегенді естіген соң-ақ, Торғай үйезіне қараған Арғын, Қыпшақ руларынан тұратын 12 болыс ел дүрліге бастаған. Ақыры орыс патшасының қол астынан көшуге, не қарсы тұрып, соғыс ашуға бел байлаған. Әйтеуір жұрт жігіт беруге қарсы, жігіттер майданға баруға қарсы болған. Ағустың 25-інде Торғай өзенімен жанаса ағатын Қабырға өзенінің бойына сегіз мың кісі жиналған. Ішінде ақсақалдары да бар. Патша жарлығына қарсы болғандардың дені - осы сегіз мың кісі ішінде. Неше күндей Кеңесіп, ортасынан Әбдіғапар Жанқожалұлын сарыала ту бие сойып, ақ киізге салып хан көтерген. Жиналған жұрт Әбдіғапар не айтса, соған көнуге келісімін берген. Сардар ретінде Аманкелді Үдербайұлы, көмекшілері болып Кейкі мерген, тағы басқа жігіттер белгіленген" [8, 75 б.].

Міне, Аманкелді батырдың тарихи көтерілісі осыдан басталып, ерлігі елге аңыз болып тарап, жыр болып жатталған еді. Ел арасына таралу барысында бірінің шығарушысы ұмытылып, келесісі қаз-қалпында кейінге жетті. Белгілі авторлары бар мол дүниеміздің өзі ауыз әдебиетінің заңды дәстүрін сақтаған. Оның басты дәлелі сол сұрапылды көзбен көріп, көңілге түйген Құсайын, Болман, Есқайыр, Омар, Сүлеймен, Күдері, Досмұқан, Жамбыл, Кенен, Сартай, Нармамбет, Есдәулет секілді жыр жампоздары, айтулы ақындар болатыны зерттеушілер тарапынан толық қуатталған.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары. "Июнь жарлығынан" кейін дариядай толқыған қалың елді ақ патшаның зеңбірегін сүйретіп, от қаруын арқалаған жазалаушы әскері қоғадай жапырып, талап-тонады. Бала-шаға, шал-шауқан ат тұяғының астында қалды. Азаматын атты, асты. Сібірге де айдады, қара жұмысына да алды.

Арқаға тірелген қара мылтықтың күшімен жат ел, бөгде жұртқа еріксіз кетіп бара жатқан қазақ жігітінің мына бір өлеңі артта қалған ата жұртқа дұғай сәлем болып жетті:

Самал тау, өскен елім, шалқар көлім,
Не болар солдат болып көрген күнім,
Есіме қайта-қайта түсе бердің,
Кір-жуып, кіндік кескен туған жерім...

Әуелетіп басталатын осынау ащы әуен - қайда, неге және не үшін бара жатқанын түсіне алмаған қазақ жігітінің кеудесін жарып шыққан, өз тарихын өзі баяндайтын кең құлашты деректі өлең. Қайырмасы:

Атты емеспіз, жаяуымыз,
Жаяудан да баяуымыз,
Он бес сөтке жүргенде,
Омскиге-ей таяуымыз.
Әке-шешем бар еді,
Жасы жеткен кәрі еді,
Осынау әнге салдырған,
Он алтының зары еді, -

деп, жігерді құм қылған өкініш, өксікпен аяқталады.

Бұл бағыттағы жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі. Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдердің шығу тегі мен дамуын жан-жақты саралап, өзге халықтардың тарихи өлеңдерімен салыстыра қарап, жанрлық сипатын анықтау және поэтикалық ерекшеліктерінің алғаш рет арнайы ғылыми-зерттеу нысанына алынуы - тақырыптың сонылығын сипаттайды.

Тарихи өлеңдерді дәуірлік жағынан ендігі уақытта былайша тақырыптарға бөліп қарастырған жөн:

1. Тарахи өлеңдердің көне дәуірдегі хатқа түскен үлгілері.
2. Қазақ хандығы кезеңіне байланысты тарихи өлеңдер.
3. "Ақтабан шұбырынды" оқиғасына қатысты туған тарихи өлеңдер.
4. XIX ғасырдағы туған тарихи өлеңдер
5. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс өлеңдері.

Біздің мақаламыздың тақырыбы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс өлеңдеріне қатысты болғандықтан осы дәуірдегі өлеңдерді терең талдауға тырыстық.

Әдебиеттер:

1. ОҒК - қоры. 1077 бума.
2. Жармухаметов М. Восстание 1916 года в казахской народной поэзии. (Автореферат на соиск. учен. степени канд. филолог. наук). - Алма-Ата, 1962. -20 с.
3. Березин И. Турецкая хрестоматия. -Т. III. Спб., 1980. -320 с.
4. Қазақ ССР тарихы. -Т. 1. -Алматы: Ғылым, 1957. -360-366 б.
5. Кекілбай Ә. Күй тәңірі. /Егемен Қазақстан. -1993. -16 қазан.
6. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1979. -312 б.
7. ОҒК - қоры. 1165 бума.
8. 1916 жыл. Әңгімелер, өлеңдер мен дастандар. -Алматы: Рауан, 1966. -207 б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы салық саясатын жетілдіру мақсаттары қандай бұл экономикадағы салық жүктемесін төмендету, мемлекеттік міндеттемелерді реттеу, басымдылық міндеттерді шешуде қаржы ресурстарын шоғырландыру, бюджеттік кірістердің әлемдік бағалар конъюнктурасынан тәуелділігін төмендету, мемлекеттік қаржыларды басқаруды құру және бюджетаралық қатынастардың тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикалық салық саясатын жетілдіру, қаржы ресурстарын шоғырландыру, бюджетаралық қатынастардың тиімді жүйесі.

Әд. 8.

СИСТЕМА НАЛОГА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАНА И СТРОКИ ЕГО УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ

Статья Республика Казахстан налоги политика совершенствую цель какой этот экономика налог нагрузка снижаю, государственное обязательство упорядочиваю, приоритет обязанность решаю финансы ресурс заставляю собраться, бюджетный входящий всемирный цена конъюнктуры риска снижаю, государственные финансы управляю создание и бюджетные отношение выгодный система формирую являюсь.

Ключевые слова: Казахстан совершенствовать Республиканскую политику налога, ресурсы финансов, бюджетный выгодная система отношений.

Лист. 8.

SYSTEM OF TAX REPUBLIC KAZAKHSTAN AND LINES OF HIM IMPROVEMENT

The article Kazakhstan republic tax politics perfects aim what this the economy tax loading reduces, state obligation puts in order, priority is a duty decides finances resource compels to gather, budgetary entering world price конъюнктурынан тәуелділігін reduces, state finances manages creation and Budget relation advantageous system forms is.

Keywords: Kazakhstan perfects Republican politics of tax, resources of finances advantageous system relations. Lit. 8.


Біріншіден: Мемлекеттің тұрақты экономикасын құруда салықтар маңызды орын алады. Салықтар ұлттық табысты мемлекеттендірудің басты құралы. Олардың макроэкономикалық шешуші рөлі артып келеді, мұны ЖҰӨ-нің көлеміндегі салық үлесінің ұлғаюынан көруге болады. Стратегия-2030 қабылданғаннан бері 15 жыл ішінде мемлекетіміз әлемдегі ең серпінді дамушы елдер бестігіне енді. Нәтижесінде, 2012 жылдың қорытындысы бойынша ЖҰӨ-нің көлемі жағынан біз әлемнің экономикасы жағынан ірі 50 елдің қатарына кіреміз.

Бизнес деңгейіндегі болашақ салық саясаты ішкі өсімді ынталандыру және сыртқы нарықтарға отандық экспортты, ал азаматтар деңгейінде олардың қорларын, жинақтарын және салымдарын ынталандыруға тиіс. [1]

Бюджет кірісінің негізгі үлес салмағын салық

түсімдері алады. Нақтырақ айтқанда, салық түсімдері бюджет кірісінің 94,9 пайызын құрайды.

Екіншіден: 2013 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіш бойынша мемлекеттік бюджеттің кірістері 101,5 пайызға, салық түсімдері 101,9 пайызға орындалды. Негізгі кіріс көздері бойынша жоспар толық орындалды. Тек корпоративтік табыс салығы бойынша жоспар 96,3 пайыз мөлшерінде қалыптасты. Корпоративтік табыс салығы түсімдері азаюына әсер еткен негізгі себептердің бірі, әлемдік рыноктағы металл бағасының тұрақсыздығы болды. Мәселен, 2012 жылдың 11 айында қорғасынның бағасы 22,4 пайызға, мырыш - 12,7, мыс - 11,2, алюминий - 16,4, феррохром бағасы 11 пайызға төмендеп кетті. Бірақ мұндай себептерге қарамастан 2013 жылғы салық түсімдері алдыңғы жылдармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.



Сурет - 1. 2005-2013 жылдардағы мемлекеттік бюджетке түскен түсімдердің құрылымы (млрд.тг.)

2012 жылы қосымша құн салығы бойынша бюджетке түскен түсім 914,4 млрд.теңге немесе жоспардың 103,1 пайызын құрады. Кеден одағы елдерінен импортқа салынатын қосымша құн салығының жоспары 101,3 пайызға орындалды, оның артығымен орындалуына бұрнағы жылмен салыстырғанда, осы елдерден келетін импорттың 10,5 пайызға өсуі себеп болды. Жеке табыс салығы бойынша жоспар 106 пайызға,

әлеуметтік салық бойынша жоспар 104,7 пайызға орындалды. Сөйтіп, 2011 жылмен салыстырғанда өткен жылы бюджетке түскен түсімдер тиісінше 62,3 млрд. және 44,2 млрд. теңгеге ұлғайды. Бұл көрсеткіш сонымен бірге, тұрғындарды жұмыспен қамту саласында қол жеткізген оң үрдістерді көрсетеді.

Салық түсімдерін кесте түрінде көрсететін болсақ,

Кесте-1. 2011-2013 жылдардағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің түсімдері.

Қортынды	2011	2012	2013
Түсімдер	4 249,3	4 365,2	4 770,2
ІЖӨ-ге %-бен	17,9	18,8	18,7
Кірістер,оның ішінде:	4 147,9	4 257,4	4 660,3
Салықтық түсімдер	2 750,2	2 879,3	3 260,5
Капитал мен операциялардан түсетін кірістер	10,8	15,3	16,2
Салықтан тыс түсімдер	81,7	60,6	62,7

2011 жылғы салық түсімдерін 2013 жылғымен салыстырғанда неғұрлым көп. Бұл экономиканың дамып және салық жүйесінің тұрақтанғанының бірден бір дәлелі деуге болады.

Үшінші: 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап "Электронды үкімет" дамыту мақсатында салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесі мен республикалық төлем жүйесі Жеке Сәйкестендіру Нөмірлері/Бизнес Сәйкестендіру Нөмірлеріне (ЖСН/БСН) көшті және штаттық режимде жұмыс істеуде. 2012 жылы салық органдары 4 млн. адамның ЖСН-дерін жан-жақты тексеруден өткізді.

Қазіргі кездегі ең маңызды мәселе болып салықтан қашу жолдарының алдын алу болып табылады. Оның себебі, біріншіден-заңдылықтың дұрыс болмауына, екіншіден, бақылаудың әлсіздігі есебінен міндетті тұлғалар салық төлеуден әдейі бас тартады. Бұл өз кезегінде жауапсыздыққа, нормативті актілерді орындамауға либералды түрдегі қатынасқа, бетімен жіберушілікке, тіпті сыбайластық пен жемқорлыққа және салық жүйесінің құлдырауына әкеледі.

Бұндай жағдайды шешу тек қылмыс заңдылығының құралдарын қолданатын қатаң әкімшілік әдістермен реттеу арқылы бола алады.

Салық жүйесінде әлі күнге дейін нашар жиналатын салықтар көлемі өте үлкен көлемде, ол кәсіпорындағы шаруашылық қызметін нашарлатады, бұл өз кезегінде бизнестің дамуына кері әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасындағы салық саясатын жетілдіру мақсаттары қандай бұл экономикадағы салық жүктемесін төмендету, мемлекеттік міндеттемелерді реттеу, басымдылық міндеттерді шешуде қаржы ресурстарын шоғырландыру, бюджеттік кірістердің әлемдік бағалар конъюнктурасынан тәуелділігін төмендету, мемлекеттік қаржыларды басқаруды құру және бюджетаралық қатынастардың тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Жалпы алғанда еліміздің салық жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары болып мыналар табылады:

- салық жүйесінің тұрақтылығын қамтама-

сыз ету;

- салық жүйесін максималды түрде ықшамдау;
- салық ставкаларын төмендету мақсатында, салық прессиінгін әзірлеу;
- салық прессиінгін әлсіздендіру;
- салықтарды алудың парасатты деңгейін қамтамасыз ету;
- тікелей және жанама салықтарды оңтайлы түрде байланыстыру;

Қазақстанда мемлекетіміздің экономикасын өркендетіп, шаруашылықты дамытатын салық жүйесі керек.

Солардың бірі - салық жүйесінің тұрақтылығы.

Салық жүйесінің құрамы, яғни салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және тағы басқалары бірнеше жыл ішінде тұрақты болып тұруы керек. Салық салу жүйесін тұрақты деп санауға болады, егер де санкциялар мен жеңілдіктер, салық жүйесінің құрамы, салық салудың принциптері өзгермей кәсіпкерлік қызмет үшін өте қолайлы болса. Осы аталғандардың барлығы салық жүйесін дамытуда өте үлкен рөл атқарады. [8.7-13 бб.]

Төртінші: Қорыта айтқанда ұсынып отырған осы бағыттарды қаржы және салық саясатын жетілдіруде мақсатты түрде жүзеге асыру үшін, қаржы ағынында мемлекеттің реттеуші және бақылаушы рөлін дамыту керек. Бұл өз кезегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін нығайтуды қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. "Қазақстан-2050" Стратегиясы
2. Қазақстан Республикасының Салық Кодексі
3. Ермекбаева Б.Ж. "Салықтар және салық салу" - Алматы, 2009 жыл
4. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С. Ж., Мельников В.Д. "Қаржы": - Алматы: 2011ж
5. http://kodeksy-kz.com/nalogovyj_kodeks/
6. <http://www.egemen.kz/2013/02/09/>
7. <http://www.minfin.gov.kz>
8. Сахариев С.С., Сахариева А.С. "Жаңа кезең - экономикалық теориясы", - Алматы: "Данекер" 2010 ж

Б. Билял¹

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ КЕЙС ӘДІСІ: ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада өзгетілді аудиторияда кәсіби қазақ тілін оқытудың технологиясы ретінде кейс әдісі қарастырылады. Аталған әдістің әр кезеңі бойынша тапсырмалар деңгейі айқындалды. Сонымен қатар, тәжірибе жүзінде осы әдісті пайдаланудың оң нәтижелері көрсетілді.

Түйінді сөздер: кейс жүйесі, кейс әдісі, шығармашылық жаттығулар, кәсіби-жағдаяттық жаттығулар, жағдаяттық сұхбаттар, іскерлік ойындар.

Әд.5.

Б. Билял

КЕЙС-МЕТОД В ОБУЧЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА: ОПЫТ И ПРОБЛЕМЫ ПРОДВИЖЕНИЯ

В статье рассматривается кейс-метод, как технология обучения профессионального казахского языка в русскоязычной аудитории. Определены уровень заданий на каждом этапе вышеуказанного метода. А так же выявлены положительные результаты применения этого метода на практике.

Ключевые слова: кейсовая система, кейс-метод, творческие задания, профессионально-ситуационные задания, ситуационные диалоги-интервью, деловые игры.

Лит.5.

Bilyal Balken

CASE SYSTEM IN TEACHING OF PROFESSIONAL KAZAKH LANGUAGE

In the article is given the case system as technology of professional Kazakh language ,s teaching in Russian classroom. The above stated methods are defined the level of tasks on each step.

Keywords: case system, case methods, creative tasks, professional situational tasks, situational dialogue-interview, business games.

Lit.5.

Мәселенің қойылуы. Тәуелсіз Қазақ елінің соңғы он жылдағы қарқынды даму үрдісі мен әлеуметтік жағдайы, шетелдермен халықаралық байланысының нығаюы, әлемдік қауымдастықтағы беделінің артуы, біліктілік деңгейі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті жоғары білімді сапалы мамандарды даярлаудың қажеттігін туғызып отыр. Мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі - олардың мемлекеттік тілді толық меңгеруі мен оны тәжірибе жүзінде қолдана алуы міндеттері қойылды.

Қазіргі кезде елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге байланысты жоғары оқу орындары студенттеріне білім беру мазмұнын түбегейлі өзгерту көзделген. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі студенттердің болашақ мамандығымен де байланысты екендігін көрсетеді.

ҚҚЭУ-ді бітіруші түлек - Қазақстан Республикасының экономика, бизнес саласындағы маман, болашақ кәсіпкер. Оның білікті маман болуы өз елінің тілін жоғары деңгейде білуімен де терең сабақтасады. Бүгінгі күнгі қоғамдық-әлеуметтік басты мәселелердің бірі - Республикамыздағы азаматтарды мемлекеттік тілде

сөйлеуге және жоғары оқу орнында оқитын студенттерді қазақша кәсіби тілде еркін сөйлей білуге үйрету болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, ҚҚЭУ-дегі қазақ тілі бағдарламасы қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оның қоғам өмірінде атқаратын міндеті мен қызметін қалыпқа түсіру бағытындағы маңызды іске өз үлесін қосуда.

Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгеруде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару - зерттеудің мақсаты болып табылып, еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарда талдануы. Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарда зерттеу, ізденіс және шығармашылыққа негізделген өздік жұмыс түрлері ретінде Қ.Қадашеваның "Қазақ тілін оқыту әдістемесінде" сонымен қатар белгілі әдіскерлер оқулықтарында мыналар қарастырылып жүр.

¹ Philologi master, Work Karaganda Economic University of Kazpotrebsyuz

Студенттердің өздік жұмыстарының түрлері

Тапсырмалар	Жазбаша бақылау нысандары
Ақпарат көздерімен (оқулықтар, ғылыми әдебиет, зерттеулер, Интернет, басқа оқытушылар, т.б.) өздігімен немесе студенттердің шағын тобы құрамында жұмыс жасау	Конспект, реферат Бақылау жұмысы Берілген сұрақтарға жауап Эссе, Баяндама, Глоссарий құрастыру
Бейне-,аудио-, CD-құралдарда (электрондық лекция) берілген материалдарды өздігінше игеру	Конспект, реферат
Берілген тапсырма бойынша аудиторлық сабақта презентация дайындау	Сценарий
Семестрлік жоба дайындау	Апта сайын жоба дайындығы туралы есеп Жоба
Студенттердің бір-бірімен ұйымдастырған іскерлік ойын (рөлдік ойын) форматында өткізген консультациясы	Жазбаша есеп
Белгілі бір тақырып бойынша ақпарат жинақтау	Ақпарат көздерінің тізімі Ақпарат көздерінің тізімін презентациялау
Case-study-да берілген ситуацияларды талдап, оларға берілуі мүмкін жауаптарды бір топ (3-4 адам) студенттердің талқылауы	Case-study тапсырмаларын орындау туралы жазбаша есеп
Берілген тақырып бойынша статистикалық мәліметтерді талдау	Жазбаша есеп
Берілген тақырып бойынша интервью алу	Интервью мәтінін келтіру және оны талдау
Қандай да бір пікір алуандығын туғызатын мәселе бойынша мамандар (студенттер, тұрғындар, тұтынушылар, т.б.) арасында сауалнама құрастыру және оны өткізу	Сауалнама Сауалнама нәтижелерін талдау
Берілген тақырып бойынша жағдаяттарды (жағдаяттық диалогтарды) дайындау;	Сценарий
Студенттің өзін-өзі бағалау мақсатында компьютер сыныбында өткізген тестілеу	Тест нәтижесі
Студенттің болашақ кәсібіне қатысты игерген тілдік-қатысымдық материалдарын талдау, талқылау мақсатында сөз сайыс өткізу.	Қысқаша аннотация
Болашақ кәсіптерінің қазіргі заманауи технологияларына сай жауап бере алатын мамандық екенін дәлелдеу мақсатында брифинг өткізу.	Қаралған мәселенің аннотациясын дайындау

Жалпы мәселенің шешілмеген жақтарын айқындау. Студенттерді қазақша кәсіби тілде сөйлеуге үйретуде тиімді әдістердің бірі - кейс әдісі. Кейс әдісі латын тілінен шиеленіскен немесе ерекше жағдай дегенді білдіреді[4]. Бұл әдіс көп уақыт пен материалдық шығынды қажет ете қоймайды. Сонымен қатар бұл мақаланы жариялану себебі де.

Кейс әдісін интерактивті әдістің бір нұсқасы ретінде немесе кәсіби әрекеттің белгілері бар шағын іскерлік ойын ретінде қарастыруға да және жаттығулар жүйесі де бола алады. Бұл технологияда оқу материалы тіл үйренушілерге проблемалық жағдаяттар арқылы ұсынылады, студент қазақша кәсіби тілде сөйлеуге шешім қабылдау барысында белсенді зерттеу және шығармашылық әрекеті арқылы үйренеді.

Кейстерді құрудың келесі негізгі сатылары белгіленген:

- мақсаттарды анықтау;
- әр түрлі жағдайларға критерийлерді тағайындау;
- қажет ақпарат көздерін белгілеу;
- кейстегі алғашқы материалдарды жинау, сараптама жасау, оны қолдану бойынша әдісте-

мелік материалдар дайындау.

Оқу үдерісіндегі кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі сатылардан тұрады:

1) кейс материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы (мәселені сәйкестендіру, негізгі баламаларды тұжырымдау, ұсынылған әрекетті немесе шешімді ұсыну);

2) негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс.

3) жалпы дискуссиядағы (оқу тобы шегінде) шағын топтардың тұсаукесерлері және тәжірибе нәтижелері.

Кейс жаттығулар жүйесі үш түрге бөліп қарастырылды:

1. Машықтандыру жаттығулары.
2. Шығармашылық жаттығулар.
3. Кәсіби-жағдаяттық жаттығулар[1].

Кәсіби қазақ тілін үйретуге арналған машықтандыру жаттығуларымен жұмыс жүйесі.

Машықтандыру жаттығулары - студент үйренген сөздік қорын ұтымды пайдаланып, оны кәсіби тілдік қатынаста шеберлікпен қолданудың амал-тәсілдерін берік меңгеруін әбден қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмыс. Жоғары оқу орындарының студенттері-

не қазақша кәсіби тілді машықтандыру жаттығулары арқылы меңгеруде қолданылатын жұмыстар жүйесі екі түрге бөліп қарастырылды:

Зерттеудің негізгі нәтижелері. 1. Кәсіби лексикамен жұмыс. Студенттер қазақша кәсіби сөздерді меңгерумен бірге, қазақ тіліндегі кәсіби ұғымдарды, олардың табиғаты туралы мәліметті де бойына сіңіреді. Нақтылы мамаңдыққа байланысты таңдап алынған лексиканы меңгерту үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, оны дұрыс қолдану амалдарын игерту; үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық ережелерді байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысымдық бағыттылығын ескеру керек. Кейін бұл сөздер басқа да жаттығу түрлері мен шағын сұхбат, мәтін ішінде келесі сабақтарда да қайталанып беріледі. Сөйтіп сөз студент санасында әбден бекіп, оны кәсіби жағдайда тілдік қатынаста қолдану дағдысы қалыптасады.

Студенттердің кәсіби сөздік қорын байытудың бір арнасы мақал-мәтелдерді меңгертумен байланысты. Тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді үйретуді жүйелі түрде жеңілден күрделіге қарай біртіндеп жүргізу керек.

Студенттерді болашақ мамаңдығына байланысты кәсіби тілде сөйлеуге үйретудің тиімді жолы - мәтінмен жұмыс. "Экономика деген не?" деп аталатын сабақта мәтінді бермес бұрын оның құрамындағы кәсіби сөздердің мән-мағынасын, оларды тілдік қатынаста қолдану дағдысын қалыптастыруға арналған мәтінге дейінгі машықтандыру жаттығулары жүзеге асырылды.

Кәсіби мәтінмен жұмыстың мақсаты: мәтін ішіндегі мамаңдыққа қатысты терминдердің мағынасын түсіндіріп, меңгерту арқылы студенттердің кәсіби сөз қорларын молайту, мәтін мазмұнын дұрыс түсінуге машықтандыру.

Кәсіби мәтінмен жұмыстың тиімділігі: студенттер мамаңдығына сәйкес терминдермен, кәсіби ұғымдармен жұмыс істеуге үйренеді, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айтуға дағдыланады, мамаңдыққа байланысты ой-пікірін қазақша еркін жеткізуге үйренеді.

Сабақ барысында мәтінмен жұмыстың алдындағы жаттығуларды орындау арқылы студенттер оның мазмұнын түсінуге дайындалады. Берілген сөздермен сөз тіркестерін, сөйлем құрастыру арқылы олар өз кәсібіне сай белгілі бір ойды байланыстырып айту, жаза білуге үйренеді, мәтін мазмұнын түсінуге мүмкіндік алады. Мәтінді жұмысы жаңа сөзді тыңдатып, қайталату, сосын мағынасын түсіндіруден, оның баламасын көрсетіп, синоним, антонимдер арқылы мағынасына сипаттама беру, аудару, олармен сөз тіркесін, сөйлем құрастыру дағдысын қалыптастыру бағытында жүргізілсе, енді кәсіби мәтінмен жұмыс жасау кезеңі мәтінді тыңдату, тыңдағанын оқытудан басталады.

Мұнда тыңдалым тұрғысында негізгі мақсат студенттердің кәсіби мәтіннің мазмұнын түсінікпен тыңдау, тыңдалған мәтін бойынша қойылған ауызша сұрақ пен айтылғандарды түсіну дағдыларын қалыптастырудан тұрады.

Оқылым тұрғысынан мәтінмен жұмыс студенттің оқу техникасын одан әрі жетілдіруге, мәтінді түсініп оқу, талдау дағдылары жетілдіруге, мәтінмен өз бетімен жұмыс жасау іскерлігіне машықтандыруға бағытталыады.

Айтылым тұрғысында негізгі мақсат студенттердің кәсіби мәтін мазмұнын өз сөзімен жеткізу дағдысы мен іскерлігіне машықтандырудан тұрады.

Жазылым тұрғысында студенттердің жазылым техникасын жақсарту, орфографияның негізгі ережелерін меңгерту; сөйлемдерді дұрыс құру, қарапайым мәтін құрастыру іскерлігін қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі.

Тілдік бойынша студенттер мәтін мазмұны бойынша ұсынылған жағдаяттардың біріне мамаңдығы жайында әңгемелеу, сұхбат құру дағдысын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды орындайды.

2. Кәсіби қазақ тілін үйретуге арналған шығармашылық жаттығулармен жұмыс.

Шығармашылық жаттығулар - студенттердің кәсіби мәтін мазмұны бойынша кәсіптанымдық ақпараттарды саралап, зерделеу арқылы, өз пікірлерін микротоптың басқа мүшелерімен талдай алу, өзара бірлесе ізденушілік іс-әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру, соның нәтижесінде кәсіби тілдік қатынасқа еркін түсу қабілетін жетілдіруге бағытталған жұмыс түрі.

Студенттерге қазақ тілін мамаңдыққа қатысты кредиттік технология арқылы үйретуде шығармашылық жаттығулардың келесі түрлері қолданылады:

Мысалы, "Экономика" мәтінімен келесідей жұмыстар жүргізілді. Жаттығудың мақсаты: студенттердің сөздіктермен жұмыс жасау қабілетін жетілдіру, кәсіби сөздің мағынасын өз беттерімен ізденіп, түсіне келе, оларды тілдік қатынаста еркін қолдану дағдысын дамыту.

Жаттығудың тиімділігі: студенттер кәсіби сөздердің мағынасын ашу арқылы мәтіндегі негізгі ойды түсінеді, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айтып беруге дағдыланады, сөздерді кәсіби тілдік қатынас жағдаятында еркін қолдануға үйренеді.

Бірінші кезеңде, мәтін бойынша ассоциограмманы құрастырудың негізгі міндеті - ұғым мен кәсіби сөздердің тіркестік байланыстары арқылы кәсіби сөздердің мағынасын көрсетіп ашу.

Екінші кезеңде, студенттер ассоциограмманы құрастыру үшін баспалық мәтіндер, аудиожазба, бейнефильмдерді де қолдана алады. Олар мәтін мазмұнымен сәйкес келетін суреттерді іздестіріп әкеліп, олармен әртүрлі жаттығу (суреттердің атауын атап, мағынасын түсіндіру; сөздерді тіркестіру; мағыналас немесе қарсы мағыналы сөздерді табу, т.б) жұмыстарын орындайды. Одан кейін студенттер микротоптарға бөлініп, материалды талқылайды, мәтінді тағы бір рет тыңдап, оның мазмұны бойынша маңызды ақпаратты анықтап, баяндайды.

3. Кәсіби қазақ тілін мамаңдыққа қатысты меңгертуге арналған кәсіби-жағдаяттық жаттығулармен жұмыс

Кәсіби-жағдаяттық жаттығулар - қатысым жа-

саушылардың бір-бірімен нақтылы бір тақырып, кәсіби жағдайға байланысты өзара пікір алысу, ойын жеткізу, мәлімет алу, қазақша қатынасқа түсу, сұхбаттасу дағдысын қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмыс түрі [5].

Кәсіби-жағдаяттық жаттығулар:

1. жағдаяттық сұхбаттармен жұмыс;
2. іскери ойындармен жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асады.

Жағдаяттық сұхбаттармен жұмыс біріншіден, нақтылы кәсіби өндірістік жағдайдың ондағы мамандар арасындағы кәсіби тілдік қарым-қатынастың нәтижесінде туындап, студенттердің табиғи кәсіби жағдаяттық тілдесімге қатысу дағдысын қалыптастыруға бағытталады. Екіншіден, нақтылы бір кәсіп туралы сюжетті сурет, аудио және видеоматериал, теледидар мен радиодан естіген хабар туралы тұлғаның өз ойын, пікірін айтқызу арқылы тілдесімге қатысу дағдысын қалыптастыру бағытында жүзеге асады.

Іскерлік ойындарға негізделген жаттығулар дегеніміз әртүрлі кәсіби жағдайға негізделген іскери көріністегі рөлді ойнаудағы іс-әрекеті арқылы студенттердің мамандыққа қатысты меңгерген кәсіби сөздерді практикалық тұрғыда дұрыс қолдану, сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрастыру, ойын жүйелі түрде дұрыс жеткізу дағдысын олардың ішкі сезім - санасы, психикасы, кәсіби ойлауы мен іс-қимылымен қатар қалыптастыру мақсатындағы жұмыс түрі.

Аталған бағытта жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері мен перспективалары. Кейс әдісі арқылы студенттің бойында келесі дағдыларды дамытуға болады:

1. Аналитикалық дағдылар. Оларға келесілерді жатқызуға болады: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, ақпараттарды маңыздылығына қарай айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, байқалмай қалған ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б. Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды. (Жастар және мемлекеттік қызмет, Бағаның түрлері, Салық деген не, Халықаралық экономикалық қатынастар, Ақшаның қызметі, Экономика, Банк жүйесі т.б.).

2. Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді. (Мамандығы бойынша тақырыптарда, Банкте, маркетингтік зерттеу жасау не жарнама,)

3. Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз Кейспен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды. (Аударма шеберлігі, көсемсөз шеберлігі).

4. Коммуникативті дағдылар. Олардың ішінен төмендегілерді атап айтуға болады: Қаржы, экономика, банк жүйесі, Ақшаның қызметі мен оның қазіргі жағдайдағы дамуы, Банкте, Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі т.б. тақырыптарында

пікірталасты жүргізу шеберлігі, ойын дәлелді жеткізе білу. Көрнекі құралдарды және басқа медиа материалдарды қолдану - топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа да нұсқа есеп дайындау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Талқылау барысында Кейсте нақты әлеуметтік дағдылар қалыптасады: студенттің сыни көзқарасын қалыптастыру, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама-қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, көпшіліктің алдында өзін-өзі ұстауы және т.б. Кәсіби қазақ тілін оқыту кезінде тақырыптар бойынша баяндама жасау, презентациялық слайдтар жасап оны көпшілікке ұсыну, тақырыптар бойынша термин-сөздіктер жасау т.б. жұмыстар.

6. Өзіндік талдау. Пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды талап етеді т.б.

Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Сонымен қатар, білім және ізденіс мазмұнын біріктіру арқылы студенттің кәсіби құзыреттілігін көтеруге болатындығы белгілі. Бұл әдістің тиімділігі, ол басқа оқу әдістерімен оңай байланысуы мүмкін.

Кейс стади әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде студенттер үшін өте тиімді әдіс болып саналады [2]. Бұл әдістің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Студент ситуацияға талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады.

Кейс стади әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

Әдебиеттер:

1. Вильгельм фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. "Прогресс" баспасы, 2000., 20-21 б.

2. Ю.Н.Караулов. Показатели национально-менталитета в ассоциативно-вербальной сети // Языковое сознание и образ мира/отв. Ред. Н.В.Уфимцева.- М.: РҒА Тіл білімі институты, 2000.-120 б.

3. Л.А.Фурс. Принципы и методы исследования синтаксиса в когнитивном аспекте/Принципы и методы когнитивных исследований языка. Тамбов қ., ТМУ, 2008. 149-155 б.

4. П.И.Образцов, О.Ю. Иванова. Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку на неязыковых факультетах вузов: Оқу құралы / Ред.алқасы П.И. Образцова.- Орел: ОМУ, 2005. - 114 б.

5. Дистверт А. Избранные педагогические сочинения. М.: Учпедгиз.1956. -374б.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ**

Мақалада Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі қағидаттарының тұжырымдамалық негізі қарастырылған. Мемлекеттік қызмет қағидаттары мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі қалаушысы ретінде авторлық көзқарас білдірілген.

Түйінді сөздер: қағидат, Конституция, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік басқару.

Әд. 7.

И.Бисалиева

**КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ ПРИНЦИПОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

В статье рассмотрены концептуальные основы принципов государственной службы Республики Казахстан. Дана авторская точка зрения, что принципы государственной службы имеют основополагающее значение в системе государственного управления.

Ключевые слова: принцип, Конституция, государственная служба, государственное управление.

Лит. 7.

Indira Bissalıtva

**CONCEPTUAL BASES of PRINCIPLES of PUBLIC SERVICE
of REPUBLIC KAZAKHSTAN**

In clause conceptual bases of principles of public service of Republic Kazakhstan are considered. The author's point of view is given, that principles of public service have basic value in system of the government.

Keywords: a principle, the Constitution, public service, the government.

Lit. 7.

Қағидат (лат. Priscipium - бас, негіз) негізгі бастауды, негіз салушы критерийлерді, бас идеяны, жүріс-тұрыстың негізгі қағидаларын белгілейді. Мемлекеттік қызмет басқарушылық қызметтің көрінуінің түрі ретінде мемлекеттік басқару қағидаттарына және Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелеріне негізделуге тиіс.

Конституция - негізгі заң, ұлттық құқықтың бас көзі, бүкіл заң базасының алғашқы негізі, бұл оның қоғамдық қатынастарға қуатты әсер етуін белгілейді. Конституция қағидаттары мен негіздерінің олар ұлттық құқықтың жүйесінде, тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау мен орындауда өздерінің тікелей көрінісі мен жүзеге асырылуын тапқанда ғана мәні бар.

Мемлекеттік басқару қағидаттары республиканың Негізгі Заңының қағидатты конституциялық бастаулар жүйесіне негізделеді. Яғни, мемлекеттік басқару қағидаттарының жүйесінде өзекті маңызы бар қағидаттар - Конституцияда белгіленген қағидаттар, басқаша айтқанда, конституциялық қағидаттар, олар осы не басқа елдегі мемлекеттік басқарудың саяси-әлеуметтік мән-мағынасын анықтайды.

"Қағидат мемлекеттік басқаруға қатысты орталық ұғым болып табылады, себебі ол бүкіл басқарушылық жүйенің негізіне қойылған" [1, 34-б.]. Мемлекеттік басқару қағидаттарын қарайтын ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерінде мемлекеттік басқару қағидаттарының ролі мен маңызы туралы мәселеге қатысты түрлі

әдістер қолданып отырады. Ең қысқа, бірақ мазмұнды түсінікті Г.В. Атаманчук беруде. Ол ерекше айтқандай, мемлекеттік басқару қағидаттары "басқарушылық қатынастарда нақтылық пен тұрақтылық беріп, кімнің және нені істеуге нақты тиістілігі жөнінде дұрыс ойлауға мүмкіндік береді" [2, 189-б.]. Осы ойды кеңірек ашып көрсек:

1) қағидаттар нормашығармашылықта да, басқарушылық тәжірибе үшін де ресми бағыттар ролін атқарады. Олар орындалуы міндетті және мемлекеттің бүкіл жүйесімен қолданған нормативтік құқықтық актілерде бекітіледі. Бұл мемлекеттік басқаруға қатысушылардың жүріс-тұрысын жетекші идеялар мен бағдарламаларға сәйкес бір арнаға бағыттайды. Олар нормативтік те, жеке де шешімдерді қабылдауда бастапқы мақсат болып табылады, яғни мемлекеттік басқарудың мазмұнын құқықтық нышанда көрсетеді;

2) қағидаттар мемлекеттік басқарудың құқықтық тіреулеріне тұрақтылық пен орнықтылық береді. Мемлекет қағидаттарды заңнама актілерінде бекітіп, қоғамдық үдерістерді басқару саласында негіз қалаушы пікірлерді белгілейді және, осыған сай, мемлекеттік басқарудың бүкіл механизмі үшін және әрбір бөлек әлеуметі үшін фундаменталды негіздерді жасайды;

3) қағидаттар маңызды тәрбиелік роль атқарады. Бұл орайда басқарушылық қызметте басқарушылық үдерістің екі тарабының: басқа-

¹ ҚҚЭУ ҚОО АӨ аға оқытушысы, "Астана" университетінің магистранты

рылатын тарап - жеке және заңды тұлғалардың, адам мен қоғамның, сондай-ақ басқарушы тарап - лауазымды тұлғалардың жүзіндегі мемлекеттік органдардың тәрбиелеуге жататынын көрсету керек. Олардың барлығы заңдылықты сақтау барысында, сол немесе басқа шешімді қабылдау кезінде, басқаша айтқанда, өзара әрекеттесу барысында, сондай-ақ күнделікті өмірде тәрбиеленеді.

Соған сәйкес, мемлекеттік басқарудың қағидаттары деп белгілі ғылыми ереже түрінде көрсетілген, нормативті түрде бекітілген және басқарушылардың теориялық және тәжірибелік қызметінде қолданылатын мемлекеттік басқарудың қоғамдық-саяси саласындағы негізгі заңдылықтарды, қатынастарды және өзара байланысты түсіну қажет.

Мемлекеттік басқарудың таңдалған нышанына, мемлекеттің дамуының бағыттарына қарай әрбір мемлекетте өзінің белгілі басқару қағидаттары бар. Теориялық тұрғыдан мемлекеттік басқарудың қағидаттарын бес негізгі шығырға бөлуге болады:

- 1) жалпыжүйелік қағидаттар;
- 2) құрылымдық-мақсаттық қағидаттар;
- 3) құрылымдық-ұйымдастырушылық қағидаттар;
- 4) құрылымдық-функционалдық қағидаттар;
- 5) құрылымдық-процессуалдық қағидаттар [2, 193-199-б.].

Мемлекеттік басқарудың жалпыжүйелік қағидаттар қоғам мен мемлекеттің табиғатынан туындайды және мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесі үшін маңызды. Оларға келесі қағидаттарды жатқызу керек: объективтілік, демократизм, заңдылық, құқықтық реттелгендік, билікті бөлу, көпшілік.

Құрылымдық-мақсаттық қағидаттар, Г.В. Атаманчуктың пікірінше, мақсаттарды қоюға және жетуге байланысты белгілейді, олар: мақсаттардың келісімдігі, мақсаттардың өзара толықтыруы, жеке мақсаттардың жалпы мақсаттарға бағынуы, мақсаттарды жетуде реттілік.

Құрылымдық-ұйымдастырушылық қағидаттар функционалдық реттеуді белгілейді, олар: функциялардың шоғырлануы, функциялардың сыйысушылығы, функцияларды құрамдастыру, функциялардың жеткілікті әртүрлілігі және т.б.

Құрылымдық-функционалдық қағидаттар: мемлекеттік билік жүйесінің бірлігі; мемлекеттік және ұйымдастырушылық құрылымдардың аумақтық бөлінуге тәуелдікті белгілейтін аумақтық-ұйымдастырушылық қағидаттар; мемлекеттік билік органдары байланыстарының әр алуандығы; алқалылық пен дара басшылықтың үйлесуі; мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық құрылымындағы бағыныштылық пен ұйымдастырушылық өзара әрекеттестіктің көлемі мен мазмұнын ашатын желілік-ұйымдастырушылық қағидат.

Мемлекеттік басқарудың қағидаттар жүйе-

сінде айрықша рөлді құрылымдық-процессуалдық қағидаттар ойнайды, дәл айтқанда: басқарушылық қызметтің және дербес жауапкершіліктің оның нәтижелері үшін нақтылау қағидаты; мемлекеттік басқару органдары қызметі нышандарының, әдістері мен сатыларының олардың функциялары мен ұйымдастырылуына сәйкестік қағидаты; ұтымды және тиімді басқарушылық қызметті ынталаңдыру қағидаты.

Осы қағидаттардың барлығы да өз көрінісін азды-көпті басқарушылық қызметте табуға, соның ішінде мемлекеттік қызметтің негізінде жатуға тиіс.

Мемлекеттік басқару қағидаттарының іс жүзінде олардың өздеріне де тәуелді болмай, толығымен оларға адамдардың қатынасымен белгіленеді. Және көбінесе халық санасының деңгейімен белгіленіп әкімшілікпен ұсынылады. Одан басқа, көбінесе мемлекеттік басқару қағидаттарының дәрежесіне мақсатқа лайықты деп мойындалған, негізінде, дәстүрлер, салттар, сондай-ақ қоғамда қалыптасып қалған прецеденттер жатқан талаптарды, ережелерді көтеріп қояды. Шыңында қағидаттар деп заңдылықтар, қатынастар, өзара байланыс пен ережелер мойындалады.

Қолданыстағы "Мемлекеттік қызмет туралы" Заң да мемлекеттік қызметті құрудың және дамытудың негізгі критерийлердің шеңберін сызып қойды. Осыған орай Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің құқықтық негіздері деген ұғым туралы әңгіме қозғауға болады.

"Мемлекеттік қызметтің қағидаттарын құқықтық айқындау мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне, мемлекеттік қызметшілердің қызметіне, мемлекеттік-қызметтік қатынастарды мемлекеттік-құқықтық реттеудің тұрақтылығына, сондай-ақ мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың дамуы тенденцияларын негіздеуге себеп болуда. Мемлекеттік қызметтің қағидаттарын зерделеу келесі сұрақтарға жауап береді: мемлекеттік қызмет институтында не басты болып табылады, мемлекеттік-қызметтік қатынастарға не үнемі ілесіп жүреді, мемлекеттік қызметтің кешенді құқықтық институтының әртүрлі тармақтары қандай нәрсесіз өмір сүре алмайды. Мемлекеттік қызмет қағидаттарын негізгі маңыздылығы - олардың мемлекеттік қызметтің "заңдық тағдырың", өмірге қабілеттілігін, іс жүзінде ұйымдастырылуын және шың мәнінде жұмыс істеуін белгілеуінде" [2, 190-б.]. Осыған келісу қажет. Тек қана мемлекеттік қызмет қағидаттарын құқықтық бекіту оларды барлық мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік органдардың барлық деңгейлері мен түрлері үшін жалпыға міндетті қылады. Осыдан басқа, мемлекеттік қызмет құқықтық қағидаттары мемлекеттік қызмет институтының және әрбір мемлекеттік қызметшінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу негізін белгілейді [3, 16-б.].

Мемлекеттік басқарудың қағидаттары си-

яқты, мемлекеттік қызметтің қағидаттары да мемлекеттік басқарудың қағидаттарына қатысты қойылған талаптарға жеткілікті түрде ұқсас белгілі талаптарға сай болуға тиіс. Біздің пікірімізше, оларға мыналар жатуға тиіс:

- мемлекеттік қызметтің құқықтық тіреулеріне орнықтылық пен тұрақтылық беретін негізгі заңдылықтар болу;

- барлық мемлекеттік органдар мен қызметшілер үшін қызметтің түрі мен деңгейіне қарамастан міндетті болу;

- мемлекеттік қызметтің барлық түрлеріне күші болуы;

- мемлекеттік қызметтің мазмұнын құрайтын барлық ұйымдастырушылық, құқықтық және өзге де жақтарын қамту;

- мемлекеттің заңнама актілерінде белгіленуі;

- мемлекеттік қызмет институтын дамытудың ерекшелігі мен негізгі бағыттарын көрсетуі және келешекке бағытталғандық.

Мемлекеттік қызмет қағидаттары жүйе болып табылады және, осыған сәйкес, жүйелі түрде қаралуы керек. В.М. Манохин ерекше көрсетіп отырғандай, "мемлекеттік қызмет қағидаттардың талдауы мемлекеттік қызметті түсінудің әр түрлі тәсілдеріне бағынышты болады: оны тек қана мемлекеттік қызметшілердің қызметі деп түсіндіргенде бір ғана қағидат (мемлекеттік қызметке тең кіру) бөлек шығады; егерде мемлекеттік қызмет мемлекеттік ұйымдастырылудың жүйесінде ұйымдастыру-құқықтық институт деп қаралса, онда қызмет қағидаттарында мемлекеттің ұйымдастырылуы мен қызметінің ортақ қағидаттары да, мемлекеттік қызмет институтына тән арнаулы қағидаттар да (заңдылық, тәртіп, халықшылық және тағы басқалар) өз көрінісін табуы керек" [4, 143-б.].

Біздің ойымызша, тағы бір маңызды нәрсені белгілеу керек. Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет қағидаттары - белгілі дәрежеде субъективті құбылыс. Субъективтілік белгісі де екі аспектіде қаралуы керек: оны адам, кісілер, заң шығарушы елдегі құқықтық тәжірибеге, шет елдердің оң тәжірибесін талдау мен пайдалануға, құқықтық мәдениеттің және ұлттық менталитет деңгейіне, ұлттық дәстүрлерге сүйеніп қалыптастырған; оның мемлекеттік қызметшілерге, яғни мемлекеттік биліктік өкілеттік берілген кісілерге қатысты, елдегі менталитет, дәстүрлер, мәдениет және т.б. ескеріліп, күші бар. Және адамдар, демократиялық елдерде халықпен, мемлекеттің лидерімен немесе авторитарлық не тоталитарлық елдерде билік ұстаушылар тобы таңдаған мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Дәл мемлекеттің саяси жүйесінің өзі көп жағдайларда мемлекеттік қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың таңдалуын алдын ала белгілеп тұрады. Бірақ бұл да белгілеуші фактор ретінде бола бермейді. Мәселен, баспалдақтық жүйе республикалық елдерде де, монархи-

ялық елдерде де, мысалы Жапония мен Ұлыбританияда, баршылық.

Мемлекеттік қызмет қағидаттарының табиғатын және функционалдық ерекшеліктерін түсінудің маңызы мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесі үшін негіз қалаушы болып табылады. Нақ қағидаттардың өзі мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен өмір сүргіштігінің критерийлері болып табылады.

Мемлекеттік қызмет қағидаттары әр қағидат бөлек заңдылықты, бөлек мәселе мен үдерістің негізі болатын жүйе ретінде қаралуы қажет. Бірақ, институттың бас негіздері болғандықтан, оларды кешен ретінде қарау керек. Тек жиынтықта ғана олар кезкелген елдегі мемлекеттік қызметтің жүйесі, онда өткізіліп жатқан кадрлық саясат туралы тиісті түсінік береді. "Барлық қағидаттар бір-бірімен байланысты: олардың біреуін сақтау басқаларын жүзеге асыруға жағдай жасайды және, керісінше, қағидаттардың кез-келгенін бұзу басқа қағидаттардың орындалуына теріс әсер етеді" [2, 202-б.].

Мемлекеттік қызмет қағидаттарын жүйелік талдау мемлекеттік қызметті мемлекеттің ұтымды саяси және әлеуметтік-экономикалық әсерге қол жеткізуді мақсат еткен міндеттер мен функцияларын жүзеге асыруға бағытталған біркелкі, тұтас институт ретінде қарау қажет.

Мемлекеттік қызмет қағидаттарын жүйелік талдау өзекті қағидаттардың бар кендігін көрсетуде, олар өзгермейтін, негізгі болып қала береді. Олар мемлекеттің Негізгі Заңында бекітіліп, өзінің тікелей жүзеге асырылуын мемлекеттік басқарудың барлық салаларында тауып отырады (заңдылық қағидаты, оның үш тармаққа бөлінгеніне қарамастан мемлекеттік биліктің бірлігі қағидаты және басқалар). Бұл қағидаттар "мемлекеттің жұмыс істеу қағидаттарына, оның табиғатына, мақсаттардың стратегия мен тактиканы таңдаудағы мақсаттық бағытталуынан, қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйесін қалыптастыру механизмдерінен туындылар" болып табылады [5, 17-б.]. Ал басқа қағидаттар - мамандандырылған, институционалдық қағидаттар. Олар белгілі, бірақ осы институт үшін объективті заңдылық немесе бағыт, мақсат, қол жеткізілуге тиіс ой болып табылатын маңызды қатынастарды реттеуге арналған.

Мемлекеттік қызмет қағидаттарының тағы да бір айрықша белгісі - оларды мемлекеттік қызмет институтының қағидаттары ретінде ғана емес, республиканың кадрлық саясатының қағидаттары ретінде қарау мүмкіндігі. Мемлекеттік қызмет кадрлық саясатының қағидаттары деп "объективтік негізі бар және әлеуметтік заңдылықтарды көрсетіп отырған алғашқы бастауларды, негізгі ережелерді, ұстанымдарды, талаптарды, дәстүрлерді, мемлекеттік қызметшілерді қоғам мен мемлекеттің қажеттілігімен айқындалған дайындау, іріктеп алу мен қою жағдайларды түсіну керек" деген А. Тұрысбектің пікірімен келісу қажет [6, 41-б.].

Қандай да болсын институттың, өз алдымен мемлекеттік қызмет институтының даму қағидаттары - сіресіп қалған бірдеңе емес, олар мемлекеттік басқарудағы объективтік жағдайлармен, заңдылықтармен, қатынастармен және өзара байланыстармен бірге үнемі өзгеріп жатқан осы заманғы әлем сияқты тірі. Республикада өткізіліп жатқан мемлекеттік басқарудың реформасы - әкімшілік реформа - мемлекеттік қызмет алдында жаңа мақсаттарды, міндеттерді және бағыттарды қоя беруде. Бұл мемлекеттік қызмет қағидаттарының жүйесіне ықпал етпеуі мүмкін емес. "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңда бекітілген кейбір қағидаттардың әрекет етпей жатқанын және, керісінше, кейбір заңдылықтар мен ережелерді қамтымағанын атап өту қажет, себебі оларды, біздің ойымызша, Қазақстанның қазіргі мемлекеттік қызметінің қағидатты бастауларына жатқызу дұрыс сияқты.

Кенес заманында мемлекеттік қызмет қағидаттарын саяси-құқықтық және ұйымдастырушылық деп бөлген. Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет қағидаттарын екі негізгі түрге: конституциялық және ұйымдастырушылық деп бөлу қажеттілігі туралы ой-пікір үстем болуда [7, 356-б]. Осы тұста осылайша бөлу тек нормативтік бекітумен ғана емес, әр қағидаттың мағыналық салмағымен, Қазақстан Республикасының Конституциясымен тікелей немесе жанама түрде мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу негізгі қағидаттарын бекітетіні ескеріле отырып, себептеледі.

"Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі ҚР Заңы қағидаттардың келесі шеңберін анықтайды: заңдылық; қазақстандық патриотизм; мемлекеттік өкіметтің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы; азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы; жалпы қол жетімділік, яғни Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылатылуға тең құқығы; азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі; мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен жоғары біліктілігі; мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекке ақыны тең төлеу; жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынысты мемлекеттік қызметшілер мен төменгі мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін міндеттілігі; мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі; мемлекеттік құпиялар немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып есептелетін қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру; мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы; мемлекеттік қызметшілерді қызметтік міндеттерін адал, ынғалы атқарғаны, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу; мемлекеттік

қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы; мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды үздіксіз жүргізу.

Мемлекеттік қызмет қағидаттарының Қазақстанның кадрлық саясатын ұйымдастырудың, мемлекеттік қызметті өтудің, мемлекеттік қызметшілердің іс-қимылын және мемлекеттік қызмет саласындағы басқарудың негізгі бастаулары болып табылатынын айтқан дұрыс. Бұл орайда негіздер конституциялық нормалармен қаланған. Немесе, керісінше, бұл сәтке басқа тұрғыдан қарауға болады: конституциялық нормалар мемлекеттік қызметтің және кадрлық саясаттың негізгі ұйымдастырушылық мәселелерді реттейді.

Қорытынды ретінде келесіне констатациялау қажет: мемлекеттік қызмет қағидаттары мемлекеттік қызмет институтының дамуы мен жұмыс істеуінің заңдылықтардың бірыңғай жүйесі болып табылады және мемлекеттік басқарудың ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің қағидаттарының әрекет етуімен себептеледі. Мемлекеттік қызмет қағидаттарын құқықтық бекіту мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне, мемлекеттік-қызметтік қатынастарды құқықтық реттеудің тұрақтылығына себеп болады. Мемлекеттік қызмет қағидаттары мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет институты мен кадрлық саясатының дамуына жағдай жасап отыруға тиіс.

Мемлекеттік қызмет қағидаттары мемлекеттік қызметтің таңдап алынған жүйесімен белгіленеді және мемлекетте болып жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық үдерістерге сай болуға тиіс. Құқықтық санат бола тұра, мемлекеттік қызмет қағидаттары мемлекеттік басқарудың осы институтының сапалы дамуын қамтамасыз етуге тиіс.

Әдебиет:

1. Уваров В.Н. Государственная служба и управление: учебник. - Петропавловск: Сев.-Каз. юрид. академия, 2004. - 34 с.
2. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления: курс лекций. - М.: Юрид. лит., 1997. - 189 с.
3. Манохин В.М. Советская государственная служба. - М., 1966. - 16 с.
4. Манохин В.М. Правовое регулирование советской государственной службы // Советское государство и право. - 1989. - №1. - 143 с.
5. Привалова С.В. Принципы организации государственной службы современной России: автореф. канд. юрид. наук: 12.00.02. - М., 1999. 17 с.
6. Турисбек А. Правовые механизмы формирования корпуса административных государственных служащих в РК: дисс. канд. юрид. наук: 12.00.02. - Алматы, 2005. - 41 с.
7. Старилов Ю.Н. Государственная служба в РФ. Теоретико-правовые исследования. - Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1996. - 356 с.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мақалада қазақ тіл біліміндегі фразеология теориясы қалыптасуының жаңа кезеңі, яғни әдеби тіл тарихы тұрғысынан зерттелуі, диалектілік материалдар негізінде зерттелуі, құрылымдық жағынан зерттелуі, этнолингвистикалық тұрғысынан зерттелуі туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: фразеология теориясы, әдеби тіл тарихы, диалект, құрылым, этнолингвистика.

Әд.4

С. Базарбекова

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ФОРМИРОВАНИИ НОВОГО ЭТАПА РАЗВИТИЯ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКОЙ ТЕОРИИ

В статье новое этап теории формирования фразеологии в знании казахский язык, то есть история литературный языка из точки зрения изучать, изучать на принципе материалов диалектики, структурированность из стороны изучать, будет излагаться с точки зрения изучать о этнолингвистики.

Ключевые слова: Фразеология теория, литературно языковая история, диалект, структура, этнолингвистика.

Лит.4

Saule Bazarbekova¹**KAZAKH LANGUAGE FORMATION OF A NEW STAGE THEORY OF PHRASEOLOGICAL**

Keywords: phraseology theory, literary history of language, dialect, structure, ethnolinguistics.

Lit.4

Мәселенің қойылуы. Бұл бағытта құнды пікірлер айтып, терең зерделеген Б.Кенжебаев, Ш.Сәтбаева, З.Ахметов, Ү.Субханбердина, З.Бисенғалиев т.б. ғалымдар еңбектерінің берер мағлұматы мен сабағы көп. Ғалым А.Ә. Байталиеваның мына сөздері осы кезең прозасының мәнін ашып бергендей: "егер біз қазақтың профессионалдық прозасының қалыптаса бастауын тек қана Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі жылдардан іздесек, 20-жылдардың басында жазылып, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған профессионалдық дәрежедегі көркем шығармалардың жазылу сырын немен түсіндіреміз?" [1,7]. Сұрақ мазмұнының өзі алғашқы қазақ прозасына берілген бағаның белгісін аңғартады. Бұл күрделі де қызықты, ерекше танылған құбылыс өз сипатының әдебиетімен де жазушылардың жаңа жанр үлгілеріндегі тілдік өрнектерін көрсетеді.

Соңғы зерттеулер мен жарияланымдардың талдануы. Жалпы, көркем әдебиет тілін зерттеудің қазақ филологиясындағы жайына келсек, оның жинақталған тәжірибесін көрсететін, біршама мәселелердің шешімін табатын құнды-құнды еңбектер бар. Алғашқыда жеке-жеке жазушылардың тіл ерекшелігін сараптау тұрғысынан және әдеби тілмен өзара байланысын анықтау тұрғысынан және әдеби тілмен өзара байланысын анықтау тұрғысынан қолға алынған бұл сала кейін қомақты жалпы теориялық және нақты тәжірибелік ізденістерге ұласты. Профессор Р.Сыздық "Сөз құдіреті" атты еңбегінде қазақтың көркем сөзінің құдіретін танытқан қаламгерлер тілін

талдаса [2], көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеген профессор М.Балақаев көркем шығарма тілін зерттеудің өзіндік қырларын ашып көрсетеді: 1) Таза тілдік қыр; 2) Стилистикалық қыр; 3) Көркем-эстетикалық қыр [3,29].

Бұл ғылыми еңбектермен танысып, оларды жүйелеп оқу біздің зерттеу жұмысымызға ықпал етпей қойған жоқ.

Ал алғашқы қазақ прозасы әдеби тұрғыдан көптеген әдебиетші ғалымдардың зерттеу нысаны болғанымен, лингвистикалық тұрғыдан тілі әр қырынан кейбір ғалымдардың жеке мақсаттарына нысан болғаны болмаса, проза тілінің көркемдік жүйесін құрайтын фразеологизмдер біртұтас зерттеуде негіз болған жоқ. Бұл ретте көз тоқтатып, көңілге түйер еңбектер: М.Белбаева "С.Торайғыров шығармаларының тілі"; Б.Шалабаев "Көркем проза тілі" т.б.

Профессор Р.Сыздықова Абай тілінің көркемдік бітімін лингвистикалық тұрғыдан сөз еткен "Абайдың сөз өрнегі" деген еңбегінде Абайдың фразеология саласындағы сөз құбылту тәсілдерін, жаңалықтарын талдайды. "Фразеологизмдер - сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл, бір жағынан, екінші жағынан, ол-жеке қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер - семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып тану ерекше орын алады" [2,95]-деп, ғалым өз зерттеуінің өзекті бөлігін фразео-

¹ Work Karaganda Economic University of Kazpotreboyouz

логияға арнайды.

Жалпы мәселелердің шешілмеген бөлімдерін айқындау. Жалпы шөла келгенде, қазақ тілі білімінің фразеологиясы екі бағытта зерттелуде деп айтуға болады:

- қазақ фразеологиясының теориясын жасауға қатысты жалпы проблемалары;
- қазақ фразеологиясының тәжірибеде қолданылуынан туатын жеке проблемалары.

Жалпыхалықтық тілдің фразеологиясы мен жеке ақын-жазушының шығармаларындағы фразеология немесе жеке бір шығарманың фразеологиясы бір-бірінен зерттеу тәсілі жағынан жеке мазмұны жағынан өзгешелігі бар. Жалпыхалықтық тілдің фразеологиясы оның барлық табиғатын қамтып қарастырса, жеке ақын-жазушы тілінің фразеологиясы стильдік тәсілде қолданылуы зерттеліп, ақын-жазушының өзіндік ерекшелігі айқындалады.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеудің мақсаты - ақын-жазушының тілін зерттеуде оның фразеологизмдерді шығармаларында өалай қолданғанын, ондағы тәсілін анықтау. Көркем шығарма тілін зерттеген орыс ғалымы А.Н.Ефимов әдеби тілдің негізі жалпыхалықтық екенін және сөз шеберлері сұрыпталған, байытқан тіл екенін білдіреді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері. Коннотация-жан-жақты сөз етіліп келе жатқан мәселелердің бірі. Оған қатысты беріліп жүрген анықтама-лар мен тұжырымдардан коннотацияның күрделі құбылыс екенін ажыратуға болады. Мысалы, Р.Барт "Коннотация- бұл қандай да бір идеологиялық және әлемге, дүниеге деген көзқарастың, солардың элементтерінің жиынтығы",- дей келе, коннотацияны әдебиет теориясының құралы ретінде тану керектігін, оның поэтикалық мәтінде образдардың, астарлы ойлардың мәдени мәнін ашуда автордың идеологиясын айқындауға көмектесетін құрал екенін түсіндіреді.

Коннотация сөзбен байланысты оның прагматикалық ақпаратының көптүрлілігі болып табылады. Себебі олар ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстардың өзін емес, оларға деген қандай да бір қатынасты, көзқарасты білдіреді. Прагматикалық қатынастың басқа түрлеріне қарағанда бұл көзқарас пен қатынас бір ғана айтушының ғана емес, үлкен бір тілдік қауымдастықтың өкілдерінің құзырында болады.

Коннотацияға когнитивистика тұрғысынан қарасақ, ол адамның санасымен, ойлауымен және қабылдауымен байланысты. Осы жерде денотация мен коннотацияның ұқсас тұстары да бар. Бұл осы сөздердің түбір тұлғасынан да анық байқалады. *Noto, notare* (латынша) байқаймын, бақылаймын деген ұғымды білдіреді, *al to pote* (ағылшынша) -байқау және есте сақтау. Денотация мен коннотация арасындағы айырмашылық олардың алдындағы *de con* приставкаларының антонимдік тұрғыдағы қарама-қайшылығын қарастыру барысында айқындалады. Бұл ерекшелік бөлу-бірге қарастыру тұрғысы-

нан сипатталады. Денотация мен коннотация ақпаратты беру және сақтау қабілеті жағынан тепе-тең. Бұл тіл арқылы берілетін ақпараттың түрін қарастыру барысында айқындала түседі. Демек, төмендегідей ақпараттық блоктарды ажыратуға болады: әлем туралы, мәтін туралы және тіл туралы ақпарат. Әлем туралы ақпарат - бұл адам туралы және коммуникация әктісі туралы ақпарат. Адам туралы ақпарат- адамның типологиялық сипаты туралы, оның эмоционалды, ментальды күйі жайлы ақпарат. Коммуникация әктісі туралы ақпарат- бұл қарым-қатынас жағдайы туралы, қарым-қатынас құралы жайлы, коммуникативтік серіктеске деген қатынас туралы ақпарат. Тіл туралы ақпарат- бұл норма жайлы, тура және жанама мағына, фразеология, концепт туралы ақпарат. Мәтін туралы ақпарат - бұл нақты бір мәтін туралы немесе интермәтін жөніндегі ақпарат. Мәтін туралы ақпарат, сондай- ақ, білім қоры, мәдениеті туралы, жалпы ауызша немесе жазбаша мәтіндерде берілетін мәдени құбылыстардың көптүрлілігі жайлы ақпарат.

Тіл білімінде коннотацияның құрылымына нелер жатады, коннотациялық компонент тілдік бірліктің семантикалық құрылымында қандай орынды алады, коннотацияны құраушы бірліктер арасында қандай қатынастар туындайды деген сияқты алуан түрлі сұрақтар туындап жатады.

Өткізілген зерттеулерден шығатын нәтижелер мен перспективалар. Осылайша коннотация құбылысының даралық табиғаты жағынан да, әлеуметтік сипаты тұрғысынан да тілдік қарым-қатынас құралдарының бірі болуға толық негізі бар екендігі тұжырымдалды. Фразеологизмдер ақынның объективті шындық болмысын қабылдауындағы сезімдік және танымдық іс-әрекетінен туындай келіп, өмір тіршілігінің барлық саласымен ұштасып жататыны анықталды. Осындай фразеологизмдерінен ақынның өмірлік тәжірибесі, танымдық деңгейдегі қорытынды пайымдары байқалады. Мысалы, Дүниеде болсаң жақсы, ат қалады, Ұстадан-тат, молдадан хат қалады ("Жақсының аты өлмейді, Ғаламның хаты өлмейді" мақалымен мағыналас фразеологизмінің ішкі формасынан ақынның өмірінен түйген қорытындысы байқалады); Түлкінің құйрығындай бұлаңда-тып, Құйрығымен сәлденің тапты малды ("Фразеологизм коннотациясынан адамдардың бейнесін ашудағы экспрессивтік, бағалаушылық қасиет байқалады, яғни жиіркену, жақтырмау мағынасы көрінеді); Дүние үшін жанның бәрі қайғыжеген неменсе Дүние-бір бұлаңдаған қызық түлкі (Ақынның эмоционалды күйі фразеологизм мағынасына бойлай еніп, оқырманын да сондай күйге түсуге уәждейді, адамдарда болатын дүниеқоңыздық сияқты қасиетке баға береді. Дүние үшін қайғыру өмірдегі негізгі ұстаным емес екендігін түсіндіреді, дүние-қолдың кірі, бірде бар, бірде жоқ болатынын бұлаң-бұла еткен түлкі жүрісіне балап-

„халық танымына түсінікті, образды түрде жеткізеді); Қызыл жүз қурай болып келді күзге (Мәтел әспетті бейнелітіркесінен экспрессивтілік, эмоционалдық байқалады.); Екі дүниенұры ғылым, Амалдап ұстамасаң, жойылмағы (Аталған фразеологиялық оралымнан эмотивтік сема мен бағалауыштық семаның тығыз байланысты екені байқалады. Мұндағы "нұр" лексемасында әрі эмоция, әрі бағалау мәні бар.); Жатқанмен алтын жерде кір болмайды, Жай тас пен дүрдің құны бір болмайды (фразеологизмнен астарлы ой байқалады. "Алтын" сөзінен жағымды бағалағыштық қарама-қарсы

мәнде алынып, адамға қатыстырыла айтылғаны айқын.) [3]. Осы фразеологизмдерден бағалауыштықты, экспрессивтілікті, эмоционалдылықты, ассоциацияның анық байқаймыз. Олар коннотацияның компоненттері екені белгілі.

Әдебиттер:

1. Байталиева А. Қазақ тіліндегі коммуникативтік және коммуникативтік фразеологизмдер. Алматы, 2009, 279б.

2. Сыздық Р. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Дәуір, 2005, 234б.

3. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы: "Ғалым", 1984, 184б.

ЕУРОПАДАҒЫ ВЕНЧУРЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

ҰМақалада Қазақстанның қаржы жүйесінде Еуропадағы венчурлік қаржыландыру тәжірибесін қолдану мүмкіндіктері зерттелген.

Түйінді сөздер: Венчурлік қаржыландыру, венчурлік капитал, инвестиция.

Әд. 8.

З.К. Есымханова

ОПЫТ ВЕНЧУРНОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ ЕВРОПЫ И ВОЗМОЖНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ЕГО В КАЗАХСТАНЕ

В статье рассматривается опыт венчурного финансирования в Европе и возможность его применения в Казахстане.

Ключевые слова: Венчурное финансирование, венчурный капитал, инвестиция.

Лит. 8.

Zeynegul Ezymkhanova

EXPERIENCE OF VENTURE FINANCING IN THE EUROPE AND POSSIBILITY OF ITS APPLICATION IN THE KAZAKHSTAN

In the article is considered an experience of venture financing in the Europe and possibility of its application in the Kazakhstan

Keywords: Venture financing, venture capital, investment.

Lit. 8.

Еуропада кәсіркерліктің венчурлық формасы, оның тиімділігі АҚШ-та іс жүзінде тексерілгеннен кейін, пайда болды. Еуропалық венчурлық бизнестің эволюциясы көбіне АҚШ-тың жолына ұқсас.

Еуропадағы венчурлық индустрияның пионері - Ұлыбритания болды. Егер 1979 жылы бұл мемлекеттегі венчурлық инвестициялардың жалпы көлемі 20 млн фунт стерлинг болса, 1987 жылы бұл көрсеткіш 6 млрд-қа дейін жеткен. Ұлыбританияда венчурлық бизнесті қаржыландыруға мемлекет те қатысады, бірақ оның үлесі 1,5%-дан аспайды [1]. Онымен қоса, мемлекет ынталандырудың жанама әдістерін қолданады (салықтық жеңілдіктер, заңнамадағы шектеулерді бәсеңдету жолымен жеке инвесторлар санын арттыру).

Венчурлық бизнестің даму процесі белгілі бір сатыда кәсіби ұйымдарды құруды талап етті. Олар коммерциялық емес ассоциациялар түрінде құрыла бастады. Олардың ішінде ең ескісі - Венчурлық капиталдың британдық ассоциациясы (BVCA) 1973 жылы құрылған. Венчурлық капиталдың Еуропалық ассоциациясының (EVCA) 1983 жылы құрылуы венчурлық индустрия өкілдері мен Евро комиссияның бірлескен бастамасының нәтижесі болды. Сол кезде оған 43 мүше кірсе, бүгінде оның 1300 мүшесі бар [2]. EVCA басты мақсаты - Еуропада венчурлық бизнестің дамуы үшін қолайлы жағдай жасау. Ол өз мүшелері мен өзге қатысушылардың мүдделерін еуропалық құрылымдарда қорғау, венчурлық инвестицияларға қатысуға институционалды инвесторларды тарту, венчурлық капиталдың шығуына қажетті механиз-

мдер мен тиімді, әрі қол жетімді стратегияларды дайындау қызметтерін орындайды.

Венчурлық капиталдың Еуропалық ассоциациясының қатысуымен Биржалық диллерлердің Еуропалық ассоциациясы (EASD) құрылған болатын. EASD - Еуропада инновацияларды қолдау механизмдерін жасау үшін құрылған, венчурлық капиталисттер, биржалық диллерлер, инвестициялық банктер мен өзге инновациялық институттардың қауымдастығы. Бұл саланы дамыту үшін жасаған алғашқы қадамы - тез өсетін жас компаниялар үшін еуропалық қор нарығы - EASDAQ-ты жасау болды. EASDAQ - Биржалық диллерлердің Еуропалық ассоциациясының автоматты котировкалау жүйесі, АҚШ-тың NASDAQ қорының прототипі ретінде 1996 жылы құрылды [3]. Биржада сатулардың электрондық жүйесі қолданатындықтан, оның сату алаңы жоқ. Бүгінде EASDAQ-тағы саудаға Ұлыбритания, Франция, Германия, Нидерланды, Швейцария, Австрия, Бельгия, Португалия, Италия, Дания, Финляндия, Греция мен Люксембург елдерінің компаниялары қатысады. Олардың кейбіреулерінің акциялары сонымен қатар NASDAQ-та да сатылады.

Еуропалық қауымдастық, сонымен қатар, венчурлық бизнестің Орталық және Шығыс Еуропа мен ТМД елдеріндегі дамуға елеулі үлес қосты. Еуропадық қайта құру және даму банкінің мен EVCA қатысуымен сәйкесті ірі жобалар жүзеге асырылды. 1994 жылдан бастап венчурлық капитал Ресей, Беларусь, Украина мен Қазақстанға салына бастады. Нәтижесінде венчурлық бизнес тек ТМД елдерінде ғана дамымай, Орталық Еуропаның Польша, Венгрия,

¹ Экономика ғылымдарының кандидаты Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің "Қаржы" кафедрасының доценті

Румыния сияқты мемлекеттерінде де кең жайылған [4].

Еуропа венчурлық қаржыландыру көлемі жағынан АҚШ-тан кейін екінші орында тұрса да, осы көрсеткіш жыл сайын артуда. Еуропаның барлық дерлік дамыған мемлекеттері 2003 жылда ІЖӨ-ге шаққанда венчурлық салымдарын бірнеше есе арттырған. Мысалы Ұлыбританияның венчурлық капиталы ЖІӨ-нің 0,18%-нан 0,87%-ға дейін артқан Ұлыбританиямен қатар, елеулі өсім Швеция, Финляндия, Нидерланды елдерінде байқалған.

2000-2010 жылдар аралығындағы Еуропадағы барлық венчурлық инвестициялар көлемі 421 млрд евроны құрады. Тек 2009 жылы бұл салаға әлемдік қаржы дағдарысы әсер етіп, қаржыландыру алдыңғы 2008 жылмен салыстыр-


анда 57%-ға қысқарған. Ол соңғы онжылдықта болған ең төмен көрсеткіш еді. 2010 жылы ол 7%-ға өсіп 24,6 млрд евроға дейін жетті [5].

Еуропадағы венчурлық қаржыландыру саласы өзіндік қасиеттерге ие.

Біріншіден, еуропалық инвесторлар, американдық серіктестеріне қарағанда, инновациялық компания пайда әкеліп, аяғына нық тұрғанда қаржыны көбірек салады. Бастапқы "seed" және "start-up" сатыларында салынатын инвестиция үлесі 28%-дан аспайды.

Екіншіден, венчурлық инвестициялар тек жоғары технологияларға ғана емес, өндірістің барлық салаларына салынады [6]

Үшіншіден, еуропаның венчурлық қорларының негізгі инвесторлары коммерциялық банктер болып табылады (Сурет 1):



Сурет 1. Еуропалық венчурлық қорлар инвесторларының құрылымы (2012 ж.), %

Венчурлық қорларға салынатын капиталдың 38% банктерге келетін болса, 26% зейнетақы қорлары, 14% сақтандыру компаниялары, қалған бөлігі жеке сектор субъектілерінің салымдары болып табылады. Банктер үлесінің көп болуы еуропадағы венчурлық қаржыданжырудың тәуекелі аздау, "кеңею"

сатысында басым жүзеге асырылатынымен түсіндіруге болады.

Төртіншіден еуропадағы венчурлық капитал отандық қайнар көздерден емес, көбіне шетел инвесторларымен салынады. Осылайша, 2000-2010 жылдардағы еуропадағы венчурлық қаржыландыруды талдау нәтижесінде, осы саладағы жалпы инвестицияның тек 37% отандық, қалған 63% шетел қайнар көздерінен түсіп, және олардың ішінде АҚШ инвесторларының үлесі 76%-ға тең екен [7].

Еуропалық модельде негізгі реттеуші ролін Венчурлық капиталдың Еуропалық ассоциациясының (EVCA) атқарып, венчурлық саладағы қолдау қызметін Биржалық дилерлердің Еуропалық ассоциациясы (EASD) орындайтынын айтуға болады. Және венчурлық қор өз инвестицияларын несие алу арқылы жүзеге асырады. Жеке инвесторлар болса, инновациялық фирма акцияларын тек қор нарығында ғана емес, сонымен қатар тікелей жолмен де сатып ала алады деуге болады.

Егер Еуропаның аталған ерекшеліктерін Қазақстандық венчурлық модельде қолдану мүмкіндігіне келетін болсақ, олардың ішінде

ең тиімдісі - мемлекеттік сектордың аталған салаға аз араласуы. Себебі бүгінде Қазақстандық венчурлық қаржыландыру саласын ресми ақпарат бойынша 50%-нан астамын мемлекеттік сектор қаржыландырады, ал алдында аталған Ұлыбританияда ол көрсеткіш 33 есе төмен [8]. Демек, біз де бұл көрсеткішке жетуге тырысуымыз қажет. Келесі ерекшелік - венчурлық қаржыландыруға банктердің қайнар көз ретінде қатысуы. Қазақстанда несие нарығының жақсы дамуына қарамастан екінші деңгейлі банктер тәуекелі жоғары инвестиция салуға асықпайды, бұған себеп - тиісті заңнаманың жоқтығы. Үшіншіден венчурлық қаржыландыру Еуропадағыдай даму үшін бізге тек ғылым емес, сонымен қатар қор нарығын дамыту қажет. Егер біз осы ерекшеліктерді қолдансақ, технологияларымыздың сапасы еуропадан қалыспас.

Әдебиет:

1) Hochberg, Y., A. Ljungqvist and Y. Lu (2007), .Whom You Know Matters: Venture Capital Networks and Investment Performance., Journal of Finance 61 (1), pp. 251-302.

2) Casamatta, C. and C. Haritchabalet (2007), .Experience, Screening and Syndication in Venture Capital Investments., forthcoming, Journal of Financial Intermediation.

3) Cunny, C. J. and E. Talmor (2003) .The Staging of Venture Capital Financing: Milestones vs. Rounds., Working Paper, Texas A&M University and London Business School.

4) Cochrane, J. (2005), .The Risk and Return of Venture Capital,. Journal of Financial Economics 75, pp. 3-52

5) Bruining, H., Verwaal, M. Wright, A. Lockett and S. Manigart (2005), Firm size effects on syndication participation in European venture capital syndicates, Entrepreneurship Theory and Practice, forthcoming.

6) GA Vlaskin, EB Lenchuk. Innovative dimension of industrial policy in Central and Eastern Europe // Innovations, № 3, 2005.

7) The 'Central and Eastern Europe Statistics 2011' Special Paper is published by the European Private Equity & Venture Capital Association (EVCA). © Copyright EVCA August 2012

8) www.natd.gov.kz

Жаманчинов А.К.¹

ИНСТРУМЕНТЫ РАЗВИТИЯ ИННОВАЦИОННОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье рассмотрены вопросы развития и формирования инновационной инфраструктуры в современных условиях Казахстана. Определены основные элементы инфраструктуры, которые предлагаются как инструменты для развития инновационного предпринимательства.

Ключевые слова: инновации, инновационное предпринимательство, инновационная экономика.

Лит.7

Жаманчинов А.К.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫНЫҢ АСПАПТАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА

Мақалада дамудың және инновациялық инфрақұрылымның құралымының сұрақтары Қазақстанның қазіргі шарттарында қара. Негізгі элементтер сияқты аспаптарды инновациялық кәсіпкерліктің дамуы үшін ұсыныл-инфрақұрылымдар тағайынды.

Түйінді сөздер: инновациялар, инновациялық кәсіпкерлік, инновациялық экономика.

Әд.7

Zhamanchinov A.K.

TOOLS DEVELOPMENT OF INNOVATIVE ENTREPRENEURSHIP IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

In article questions of the development and formation of innovative infra-structure in the current conditions in Kazakhstan. The main elements of the infrastructure, which are offered as tools for the development of innovative entrepreneurship.

Keywords: innovation, innovative entrepreneurship, innovation economy

Постановка проблемы. В представленных организацией INSEAD результатах рейтинга стран мира по Индексу инноваций за 2012 год, Казахстан среди всех стран, занимает 83 место[1]. Принято считать, что успешность экономики связана, как с наличием инновационного потенциала, так и созданием условий для его воплощения. На данный момент государством предпринимаются как попытки для решения существующих проблем в инновационной сфере, так и ведется работа по созданию максимально благоприятных условий для развития инновации в стране.

Анализ последних исследований и публикаций. Главным инициатором инновационной экономики в Казахстане является Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев. Эту тему он поднимает во многих своих выступлениях. В книге Назарбаев Н.А. Стратегия радикального обновления глобального сообщества и партнерство цивилизаций.-Астана, 2009.-264 с[2]. говорится: - "В Казахстане на сегодняшний день формируется ядро VI технологического уклада. Где указывается, что приоритетными должны стать инвестиции в технологии, а также проекты по подготовке кадров для инновационного прорыва, в развитие информационных технологий и Интернета, в ресурсосберегающие, экологические чистые технологии, в формирование национальных инновационных систем. Тему инноваций в экономике продолжает и российский автор, доктор экономических наук, профессор Российской академии государственной службы при Президенте Российской Феде-

рации Анатолий Спицын, наш земляк. В своей книге Интеграция на пространстве СНГ как стратегическая перспектива инновационной модернизации экономики (опыт теоретического анализа).-М.:Экономика, 2009.-295 с[3]. предполагает, что для решения стратегических задач инновационной модернизации экономики необходимо обновлять производство и вводить в действие предприятия. Указывает, что одним из главных факторов роста станут колоссальные капитальные инвестиции для создания технологически новых производственных фондов. Что на современном этапе необходима разработка энергоэкологических проблем. В решении этих проблем одно из ключевых мест принадлежит России и Казахстану, обладающих значительными запасами энергоресурсов, интеллектуальным и технологическим заделом для освоения энергосберегающих технологий, владеющих методологией глобального интегрального макропрогнозирования. Директор Института экономики МОН РК, академик НИА РК, доктор экономических наук, профессор, Лауреат Государственной премии РК, Президент Союза ученых Казахстана, автор более 300 научных публикаций Сабден Оразалы в своей монографии Конкурентоспособная экономика и инновации: монография.-Алматы, 2009.-152с[4]. определяет инновации как главный фактор повышения конкурентоспособности экономики Казахстана, предлагает критерии и показатели определения конкурентоспособности национальной экономики. В качестве новации читателям предоставляется "Экономичес-

¹ Магистр экономических наук

кий манифест". Главная идея автора - создание социально-ориентированной экономики в Казахстане. Для определения кризиса необходимо усиление роли государства во всех стратегических важных сферах и отраслях деятельности, обеспечивающих экономическую безопасность страны, включая научно-техническую область. Для блага народа Казахстана необходима ориентация не на идеалы индивидуального и массового потребления, а на сохранение традиций семьи и национальных особенностей общественных отношений. Это и есть главный ключ к построению гражданского правового общества в Республике Казахстан [5].

Выделение нерешенных ранее частей общей проблемы. В общей тенденции развития инновационной сферы страны, немаловажную роль играет предпринимательство. Предпринимательство, ориентированное на инновации, создающее инновации. Инновационное предпринимательство. Для реализации которого, необходимы эффективные инструменты развития.

Цель исследования заключается в том, чтобы определить общие тенденции развития инновационной инфраструктуры, и выявить эффективные инструменты поддержки и формирования основных элементов инновационной экономики.

Основные результаты исследования. В одном из своих выступлений, глава государства, Н.А. Назарбаев, призвал общество "работать на инновационно-индустриальное развитие", искать абсолютные инновации, прилагать усилия для построения сильного Казахстана, с сильной экономикой.

Экономика подобного рода, подразумевает под собой наличие эффективной инновационной системы и институтов поддержки инновационного процесса. Другими словами, для формирования "умной экономики", необходима развитая, работающая инфраструктура в инновационной сфере. Инфраструктура, которая будет предусматривать эффективные инструменты для реализации амбициозных задач, стоящих перед нашим обществом - создания новой, умной экономики. В "концепции инновационного развития РК до 2030 года" [6], отмечено, что основными элементами инновационной инфраструктуры будут являться:

- 1) технопарки, в том числе региональные и технопарк, создаваемый на территории Парка инновационных технологий;
- 2) офисы коммерциализации технологий, создаваемые при научно-исследовательских организациях и высших учебных заведениях;
- 3) венчурные фонды;
- 4) отраслевые конструкторские бюро;
- 5) Международные центры трансферта технологий.

Которые, взаимодействуя между собой, обеспечат целостную систему поддержки инновационной деятельности на всех этапах её реализации.

Немаловажным фактором, на пути к реализации поставленной Главой государства цели, является развитие предпринимательства, малого и среднего бизнеса. И в свете разворачивающихся событий на мировой арене бизнес-процессов, четко прослеживается тенденция к переориентированию существующего бизнеса, или запуск принципиально нового, который будет не просто ориентирован на инновационные процессы, но будет движим инновациями, будет сам создавать инновации. Относительно новое явление инновационного предпринимательства уже сейчас имеет успех и завоевывает целые страны. Для полного понимания данного явления, следует отметить, что под инновационным предпринимательством понимается процесс создания и коммерческого использования технико-технологических нововведений. Как правило, в основе предпринимательской деятельности лежит нововведение в области продукции или услуг, позволяющее создать новый рынок, удовлетворить новые потребности. Инновации служат специфическим инструментом предпринимательства, причем не инновации сами по себе, а направленный организованный поиск новшеств, постоянная нацеленность на них предпринимательских структур. П. Дракер отмечает, что "предпринимателей отличает инновационный тип мышления" Инновационное предпринимательство - это особый новаторский процесс создания чего-то нового, процесс хозяйствования, в основе которого лежит постоянный поиск новых возможностей, ориентация на инновации. Оно связано с готовностью предпринимателя брать на себя весь риск по осуществлению нового проекта или улучшению существующего, а также возникающие при этом финансовую, моральную и социальную ответственность. В общем плане инновационное предпринимательство можно определить как общественный технический экономический процесс, приводящий к созданию лучших по своим свойствам товаров (продукции, услуг) и технологий путем практического использования нововведений [7].

Вышеприведенное определение, позволяет выделить среди общего числа инновационных предприятий, социальных предпринимателей. Основатель компании "Ашока", Билл Драйтон определяет данное явление следующим образом: "Социальные предприниматели не довольствуются тем, чтобы просто дать человеку рыбы, или обучить, как ее ловить. Они не успокоятся до тех пор, пока не революционизируют саму рыбную отрасль". Это определение в полной мере отражает суть социального, инновационного предпринимательства.

К инструментам развития инновационного социального предпринимательства, можно отнести относительно новые явления в обществе: краудфандинг, фандрайзинг и краудсорсинг. В целом, мотивы возникновения и популяризации этих явлений, схожи. Они направлены на

решении проблем путем обобщенных ресурсов. Фандрайзинг можно охарактеризовать как процесс сбора средств, денежных и других ресурсов, которые используются для реализации социально значимых программ, так и для организационной поддержки деятельности социальных предприятий. Краудфандинг дословно переводится как - "народное финансирование". Другими словами это коллективное сотрудничество людей, которые добровольно объединяют свои деньги или другие ресурсы вместе, чтобы поддержать усилия других людей, организаций. И краудсорсинг согласно словарю Merriam-Webster, это практика получения необходимых услуг, идей или контента путем просьб о содействии, обращенных к большим группам людей, особенно - к онлайн-обществу в отличие от обычных сотрудников или поставщиков.

Конкретно, в условиях Казахстана, для развития инновационного предпринимательства большое значение имеет реализация законов "О государственной поддержке индустриально-инновационной деятельности" (с дополнениями от 10.07.2012 г.), "О государственной поддержке инновационной деятельности (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.07.2011 г.), и реализация государственных программ направленных на поддержку инновационного предпринимательства. На сегодняшний день, государство обеспечило рынок Казахстана, всеми необходимыми инструментами для реализации поставленной цели, создания новой, сильной экономики. Конкретную помощь начинающие и уже действующие предприниматели, планирующие связать свою деятельность с инновациями, могут получить в созданных для этих целей социально предпринимательских

корпорациях, технологических парках и государственных фондах. А именно, в АО "Банк Развития Казахстана", АО "Инвестиционный фонд Казахстана", АО "Национальный инновационный фонд". Одним из популярных фондов, является АО "Фонд развития предпринимательства Даму". Где каждый обратившийся, получает консультативную помощь, и может участвовать в одной из более пятнадцати представленных фондом программ. Так-же следует сказать о программах реализуемых государством, это и ГПФИИР на 2010-2014 годы, и Дорожная Карта Бизнеса 2020, и многие другие.

Литература:

1. Глобальный индекс инноваций (The Global Innovation Index) - глобальное исследование и сопровождающий его рейтинг стран мира по показателю развития инноваций по версии международной бизнес-школы INSEAD// 2012.
2. Назарбаев Н.А. Стратегия радикального обновления глобального сообщества и партнерство цивилизаций.-Астана: АРКО, 2009.-264 с., библиогр.18.
3. Габдуллина А.С. Инновационная деятельность в регионах Казахстана. //Саясат-Policy.-2010.-№8.-С.33-38.
4. Сабден О. Конкурентоспособная экономика и инновации: Монография.-Алматы:Эксклюзив,2009.-152с.
5. Жамангузова З.К. Инновационная экономика Казахстана: Библиографический обзор литературы.// источник - lib.nkzu.kz
6. Концепция Инновационного развития Республики Казахстан до 2030 года Астана, 2012
7. В.Г. Медынский, Л.Г. Шаршукова. Инновационное предпринимательство. М.: ИНФРА - М, 1997

К.Ж. Исабекова¹

ӨЗГЕ ТІЛДІ АУДИТОРИЯДА СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Берілген мақалада студенттердің қазақ тілінің меңгеруде септік жалғауының маңызы сөз етіледі. Қазақ тілінде сөйлеу үшін, ойын басқаға жеткізу үшін, сөйлем құрай білуі қажет. Сөйлем құрауы үшін сөздерді бір-бірімен байланыстырып, оларды сөйлемде дұрыс орналастыру керек. Сондықтан сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын қосымшаларды үйрету маңызды, сөйлемдердің жасалу жолдарын білсе, сөйлем құрай алады, ал сөйлеудің бәрі сөйлемнен құралады.

Кілт сөздері: грамматика категория, жалғаулау, дағдыні қалпыстыру.

К.Ж. Исабекова

ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ ПАДЕЖНЫХ ОКОНЧАНИЙ В РУССКО-ЯЗЫЧНЫХ АУДИТОРИЯХ.

В данной статье дается анализ падежным окончаниям. Падежные окончания нужны для правильного составления предложения. Передача мысли - это предложение, а предложения состоят из слов. Чтобы правильно соединить слова в предложении нужно хорошо освоить грамматические категории.

Ключевые слова: падежные окончания, грамматическая категория, вопросы изучения.

К.Ж. Исабекова

THE TEACHING'S PROBLEMS OF CASE ENDINGS IN FOREIGN CLASSROOM.

In the article is given the analysis of case endings. Case endings are necessary for right forming of sentences. The transforming of thoughts is a sentence and the sentence consists of words. It is necessary to know grammatical categories to connect the sentences.

Keywords: case endings, grammatical category, the questions of the study.

Орыс тілді аудиторияларда оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты - студенттерді белгілі бір дәрежеде қазақша сөйлеп, өз ойын басқа біреуге жеткізе алатындай, сондай - ақ өзгенің сөзін ұғып, түсіне алатындай дәрежеге, деңгейге жеткізу. Білім алушыларды осындай деңгейге жеткізу үшін орыс аудиторияларында, мектептерде де қазақ тіліндегі сөздер жеке - дара емес, сөйлем түрінде үйретілу тиімді. Жеке сөздер мен грамматикалық формаларды жалаң түрде жаттау арқылы өзге тілді меңгеру мүмкін емес. Өйткені, сөздер азара байланысқа түсіп, сөйлем құрамына түскенде ғана белгілі бір ойды білдіреді.

Белгілі бір ойды білдіретін сөйлемдер (әрине, жай сөйлемдер, келе-келе күрделене түседі) жеке сөздермен салыстырғанда қабылдауға, ұғынуға, ойда сақтауға әлдеқайда жеңіл келеді. Ал мұндай сөйлем құрамындағы сөздерді байланысқа түсіретін дәнекерлердің ішіндегі ең негізгісі септік жалғаулары. Септік жалғауларынсыз сөйлем тек кейбір реттерде ғана болмаса кездеспейді деуге болады. Ең алдымен, қазақ тіліндегі септік категориясына байланысты грамматикалық материалдар коммуникативтік, яғни, қарым-қатынас жасау, сөйлесе білу бағытында іске асырылады.

Қазақ тіліне тән септік жалғауларын игеруде орыс тілін, басқаша айтқанда, ана тілін басшылыққа алып, тірек етудің зор маңызы бар. Өйткені, өзге тіл ана тіл негізінде меңгерілетіні мәлім. Айталық, кейбір ерекшеліктері болма-

са, септелу қазақ тілінде де, орыс тілінде де бар. Міне, осындай сәйкестілік пен кейбір айырмашылықтар ана тілінің негізінде салыстыру арқылы игеріледі.

Атау септігінің жалғауы болмайды Ол кім?, кімдер?, не?, нелер? (кто?, что?) деген сұрақтар қойылып анықталады.

Мысалы: Астана - әсем қала (не?) Гүлсім V курсқа оқиды (кім?).

Тәжірибеде студенттер атау септігін табыс септігінің жалғаусыз түрімен шатастырады.

Мысалы, студенттер ағаш отырғызды.

Бұл жерде олар "отырғызды" етістігін тірек етіп, "ағаш" сөзіне не деген сұрақ қояды да, дұрысы нені болу керек екенін ескермей, атау септігі деп ұғады. Мұндай қатеден оқытушы студенттерді көбірек жаттықтырып, сұрақты дұрыс қоя білуге дағдыландыру арқылы аулақтата алады.

Мысалы: Мақал-мәтелдер, жұмбақтар айтқызып, оларды ауызша орындату, дұрыс сұрақ қойғызып септік жалғауларын ажырату жұмыстарын жүргізу:

Көп сөз - көмір,

Аз сөз - алтын. (Многословие - зола, краткость - золото). Өтірік - деген дұшпан, отқа сүйреп салады. (ложь - коварный враг, который в огонь затащит).

Бұл не деген көп киім,

Тоқсан қабат көп киім.

Жаңбыр одан өтпейді,

Түймелеуге жетпейді.

¹ Қазақ тілі және Қазақстан мәдениеті кафедрасының доценті

Қабат - слой

Өтпейді - не пропускает

Түймелеуге жетпейді- не застегивается.

Ілік септігінің жалғаулары, - ның - нің, -дың, -дің, - тың, - тің. Ілік септік кімнің? Ненің? (кого? чего?) деген сұрақтарға жауап береді.

Ілік септіктегі сөз үнемі тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесіп қолданылады. Бұлар - ажыратуға көнбейтін тұтастық, сондықтан ілік септігін оқытуда оны тәуелдік жалғаумен байланыстырып отыру орынды. Орыс тіліндегі родительный падеж иелік мағынаны білдіргенде ғана қазақ тіліндегі ілік септікпен байланысқа түседі. Мұны орыс тілді студенттерге түсіндіру онша қиындық келтірмейді. Өйткені, олар ана тілін тірек ету арқылы қазақ тілі материалын тез игереді.

Ілік септігі орыс тіліндегі жалғаулықсыз родительный падеж және у предложением сәйкес келеді. Мысалы, Өнерлінің қолы алтын, Өлеңшінің тілі алтын. (у мастера - руки золотые, у певца - язык золотой).

Бірақ қазақ тіліндегі ілік септігінің орыс тіліндегі родительный падеждің мағынасымен сәйкес келмейтін жерлері де бар. Екі тілдегі ілік септіктің мағыналық ұқсастығы мен айырмашылығын студенттерге берік меңгерту үшін, Ы.Маманов айтқандай, "Күнiлгерi дайындалған орысша және қазақша қысқа көлемдегі сөйлемдерді бірінен екіншісіне аударып, ондағы родительный падеж бен ілік септіктің бір-бірімен ұдайы салыстырып жаттықтыру қажет" деген пікірін үнемі басшылыққа алып отыру қажет.

Ілік септігін саналы меңгеруде әр түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу пайдалы.

Мысалы: Мына сөйлемдерді орыс тіліне аударып, асты сызылған сөздердің қай септікте тұрғанын ажыратыңыз: Аристотель гректің атақты философы.

Ғылымның барлық салаларын зерттеген. Аристотель 17 жасында Афиныға келіп, Платон академиясында оқиды. Македония патшасы Филипптің тәрбиешісі болады. Аристотель мыңнан астам еңбек жазған.

Барыс септігі кімге? Неге? Қайда? (кому?, чему?, куда?) сұрақтарына жауап береді.

Барыс септігінің жалғаулары: қа-ке, ға-ге, на-не, а, е. Мысалы: дүкенге (в магазин), кітапханаға (в библиотеку), үйге (домой).

Барыс септік орыс тіліндегі дательный падежге сәйкес келеді, предлогсыз да "в, с, за, на" предлогтарымен де келе береді.

Барыс септігі алуан түрлі мағыналарды білдіреді. Соларды саналы меңгеру үшін студенттерді көбірек жаттықтыру қажет.

Мысалы: мынадай жаттығу орындатуға болады.

1-жаттығу. Прочитайте, найдите слова в барыс септік, поставьте к ним вопросы.

Өмір сүруге керекті зат-ауа. Біз дем аламыз. Дем алғанда ауа жұтамыз. Ауа өкпе арқылы бойға тарайды. Жаман ауа сыртқа шығады.

Таза ауа денсаулыққа пайдалы.

Табыс септік кімді? Кімдерді? Нені? Нелерді? (кого?, что?) сұрақтарына жауап береді. Табыс септігінің жалғаулары: "ды-ді, ты-ті, ны-ні, н"

Мысалы: құсты (птицу), адамды (человека), терезені (окно), дәптерді (тетрадь).

Табыс септігінің сұрақтары мен жалғауларын, синтаксистік қызметін, жалғаулардың бірде ашық, бірде жасырын қолданылу себептерін, табыс септік жалғауларының өзіне ұқсас тұлғалардан айырмашылықтарын, аталған жалғаулардың түбір сөздерге дыбыс үндестігіне қарай тіркесу тәртібін көрнекі құралдар арқылы түсіндіру тиімді.

Ол үшін кодоскоп арқылы мына сөйлемдерге талдау жасауға болады.

Ақылды бала ананы ардақтайды, әкені құрметтейді. Адамды еңбек көгертеді, жерді жаңбыр көгертеді. Отты үрлеген жағады, әділдікті іздеген табады. Әлия Отанын ерлікпен қорғады.

Жатыс септік кімде?, кімдерде?, неде?, нелерде?, қайда? (у кого?, у чего?, где?, когда?) деген сұрақтарға жауап береді. Жатыс септігінің жалғаулары: да-де,, та-те, нда-нде.

Мысалы: Айманда кітап жоқ (У Аймана нету книги). Сенде кітап бар ма? (У тебя есть книги?).

Қазақ тіліндегі жатыс септік (местный падеж) пен шығыс септік (исходный падеж) орыс тілінде жоқ. Дегенмен де ертедегі орыс тілінде местный падеж болған. Қазіргі орыс тілінде местный падеждің міндетін предлогтар атқарады.

Мысалы: үштерде (в три), жолда (на дороге).

Мына тәрізді жаттығу орындатуға болады. Прочитайте загадки, напишите отгадки, найдите существительные в жатыс септік.

1. Түнде бармың, Күндіз жоқпын.
2. Жазда жасыл торқа киеді, Күзде сары тон киеді. Қыста, суық аязда.

Жалаңаш тұруды сүйеді. Бұл не?

Шығыс септік кімнен?, неден?, қайдан?, қашаннан? (от кого? от чего? откуда?, с каких пор?) деген сұрақтарға жауап береді. Шығыс септігінің жалғаулары: дан-ден, тан-тен, нан-нен.

Мысалы, қаладан (из города), әкемен (от отца), жерден (с земли).

Жатыс септігі тәрізді шығыс септігі де орыс тілі грамматикасында жоқ.

Шығыс септік орыс тіліндегі дательный падеждің "из, от, с, у" предлогтарымен сәйкес келеді.

Мысалы, әуеден (с небо), ауадан (от воздуха), тастан (из камня).

Шығыс септігін қатыстыра отырып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалогты сөйлемдер құру, шығыс септігі қатысқан жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, өлең түріндегі мәтіндермен жұмыс істету пайдалы.

Жаттығу. Прочитайте, найдите существительное в шығыс септік, поставьте к ним вопросы.

Переведите пословицы.

Өткінші бұлттан жаңбыр күтпе. Ашқарақтықтан өлгенше, аштан өлген артық.

Адам болаттан да берік, әйнектен де күйреуік. Адам аласынан сөз аласы жаман, оттың шаласынан сөздің шаласы жаман.

Өзектен шыққан өрт жаман, өзіңнен шыққан жат жаман.

Көмектес септік кімнен? Неден? (с кем?, с чем?, кем?, чем? на чем?, в чем?) деген сұрақтарға жауап береді.

Көмектес септіктің жалғаулары: мен, менен, бен, бенен, пен, пенен.

Мысалы, Асқармен (с Асқаром), Олегпен (с Олегом).

Көмектес септік орыс тіліндегі предлогты (с, на, в) предлогсыз творительный падежбен сәйкес келеді.

Мысалы, Жаңбырменен жер көгерер, еңбекпенен ер көгерер. (с дождем зеленеет земля, трудом красен человек).

Жаттығу: прочитайте, переведите пословицы, найдите существительные в көмектес септік.

Бойыңмен мақтанба, ойыңмен мақтан.

Еңбекпенен жарасқан, дем алам деп таласпас.

Диірмен тасымен, адамзат асымен.

Оймен бастап, қолмен тыңдыр.

Ағаш жемісімен де қымбат, желегімен де қымбат.

Көмектес септікті инструментальный падеж деп аударып жүрміз.

Бұл дұрыс емес, өйткені, көмектес септігі тек құралдық (инструменттік) мағынаны білдірмейді, сонымен бірге ол бірлестік және қимыл іс - әрекеттің іске асу тәсілін білдіреді.

Сондықтан біздіңше творительный падеж деп аударған орынды.

Көмектес септігінің бір ерекшелігі - оның жалғауларының буын үндестігі заңына бағынбайтындығы. Қандай жағдайда болмасын, олардың түбір сөздерге жіңішке түрде жалғанатындығын айту қажет.

Қорыта келгенде, септік жалғаулы сөздерді жеке алып септеуден аулақ болу керек, орыс тілді студенттер үшін жарамсыз, сөз тез ұмытылып қалады және байланыссыз алынған дербес сөздер еш уақытта қатынас құралы бола алмайды.

Септік жалғауларын қайталау сабақтарда сұрақ-жауап әдісі арқылы диалогты сөйлемдер құрау, студент дағдысын қалыптастыруда жетекші қызмет атқарумен қатар, сөйлем тілі жетіліп, тіл байлығы артады. Сөз бен сөзді байланыстырып, сөйлем құрауға, өз ойларын жүйелі айтуға деген дағды қалыптасады. Сондықтан септік жалғауларын дұрыс меңгерудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту.- Алматы: Мектеп, 1989. -96 б.

2. Аханов К. Тілі білімінің негіздері. - Алматы, Санат, 1993.- 496

Ибраев А.Д.¹**ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Рассматриваются основные компоненты дистанционного обучения - технологии 21 века - открытое обучение, компьютерное обучение, общение участников процесса обучения с использованием новых информационных технологий и современных телекоммуникаций. Первые шаги организации дистанционного образования в КНАУ имени К.И. Скрябина и взаимодействие учителя и учащихся.

Ключевые слова: дистанционное обучение, форма, технология, инновация, средство, киберкласс, современные телекоммуникации, принципы дистанционного обучения, современная общества.

Лит.4.

Ибраев А.Д.

КАШЫКТЫКТАН БИЛИМ БЕРУДҮҢ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА МӖСЕЛЕЛЕРИМЕН ПЕРСПЕКТИВАСЫ

21 ҕасыр технологиясы - ашык оқыту, компьютерлік оқыту, оқу процесінде қатысушылардың арласуы қазіргі телекоммуникация мен жаңа ақпараттық технологияны қолдану қашықтықтан оқытудың басты компоненті ретінде қарастырылған. К.И. Скрябин атындағы ҚҰАУ қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың бірінші қадамы оқытушы мен білім алушылар қарым-қатынасы.

Түйінді сөздер: Қашықтықтан оқыту, форма, технология, инновация, қаражат, киберкласс, қазіргі телекоммуникация, қашықтықтан оқыту қағидаты, заманауи қоғам.

Әд. 4.

Ibraev A.

PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE THEORY AND PRACTICE OF DISTANCE EDUCATION

Түйінді сөздер: сөйлеу мәдениетін дамыту, творчестволық көшіру, творчестволық диктант, еркін диктант, шығарма.

Әд. 4.

E. Carp

SPEECH DEVELOPMENT OF PUPILS - THE MAIN THING IN THE EARLY LEARNING

This article gives a brief overview of the importance of the development of speech activity in childhood, provides a brief overview the teacher's work also describes some of the methodological tools to prepare language development among school children, including the experience of the teacher.

Keywords: language development, creative writing off, creative dictation, free dictation, an essay.

Lit. 4.

Урок русского языка - это, прежде всего урок развития речи и мышления учащихся.

Рамзаева Т. Г.

Одним из показателей уровня культуры человека, мышления, интеллекта является его речь. Речь - это канал развития интеллекта. Чем раньше будет освоен язык, тем полнее будут усваиваться знания.

Речевая деятельность детей способствует овладению родным языком. Речь помогает ребенку не только общаться, но и познавать мир. Развитие речи - важная задача обучения родному языку. Речь - основа всякой умственной деятельности, средство коммуникации. Овладение речью - это главный способ познания окружающего мира. Чем полнее и глубже усваиваются богатство языка, чем свободнее человек пользуется ими, тем лучше он познает всевозможные стороны в природе и обществе. Для ребенка грамотная речь - залог успешного обучения и развития, возможность в полной мере существовать в обществе. Развитие речевой деятельности ребенка - не стихийный процесс, он требует определенного педагогического руководства.

Большинство направлений работы по развитию речи можно успешно проводить на самых разных уроках. Но главные - это, конечно же, уроки русского языка и литературного чте-

ния. Поэтому полноценное речевое развитие младших школьников является важнейшим направлением процесса обучения русскому языку.

"Дитя, которое не привыкло вникать в смысл слова, темно понимает или вовсе не понимает его настоящего значения и не получило навык распоряжаться им свободно в устной или письменной речи, всегда будет страдать от этого коренного недостатка при изучении всякого другого предмета",- так считал К.Д.Ушинский[1,с.5-9].

Прошло много времени с тех пор, как были написаны эти строчки, но актуальность их не пропадает: через изучение русского языка - к познанию других наук.

В основу начального курса русского языка положено всестороннее развитие речи. Этой задаче подчинено изучение фонетики, морфологии, элементов лексики и синтаксиса. Развитие речи - это принцип в работе, как по чтению, так и по правописанию. Работа над правильным произношением и выразительностью устной речи, над обогащением словаря, над точностью и правильным употреблением слова, над словосочетанием, предложением и связной речью,- вот основное содержание уроков по развитию речи.

Развитие речи - та необходимая составная часть содержания, то звено, которое органичес-

¹ Учитель начальных классов высшей категории, средняя общеобразовательная школа № 86

ки связывает все части начального курса языка и объединяет их в учебный предмет - русский язык. Наличие этого связующего звена открывает реальные пути осуществления межпредметных связей и создания системы занятий по развитию речи, единой для уроков грамматики и правописания.

Рассмотрим принципы в работе учителя как ступени для движения его совместно с подопечными по лестнице знаний.

Речевая активность учащихся проявляется в их общительности, в отсутствии скованности, молчаливости, боязни говорить. Учитель обязан "разговорить" своих учеников в любых условиях и ситуациях.

Углубленное смысловое восприятие детьми учебных текстов для чтения, списывания, воспроизведения по памяти. Педагог понимает, что развитие речи у одних надо начинать с устной речи, для других - верным будет начало с речи письменной.

Формирование у детей педагогом некоторых понятий, связанных с лингвистикой текста. Имея знания о построении текста, ребенок успешно овладевает осознаваемостью речевых действий.

Теоретические знания, умение анализировать, сопоставлять и компоновать свои мысли в звуковой или зрительной интерпретации, показывают уровень готовности ребенка к речевой деятельности самостоятельно или под контролем учителя.

Выполнение заданий, развивающих связную речь учащихся, письменную или устную, способствует повышению уровня у детей собственной речевой активности и её применения на практике. Ребенок чувствует самостоятельность в своей речевой деятельности, он уже перестает комплексовать за свою косноязычность и боязнь быть не понятым окружающими.

Эти "ступени" существуют перед учителем как проект его деятельности в развитии речи и общей культуры своих учащихся.

Современная нацеленность программы на речевое развитие учащихся выдвигает задачу дальнейших методических поисков, связанных с определением места и роли уроков развития речи в системе обучения русскому языку.

Важнейшим достоинством современного этапа обучения русскому языку является повышенное внимание к речевой подготовке школьников. Обучение в начальной школе начинается с усвоения понятий "язык", "речь", "предложение", что в дальнейшем становится базой для обучения грамоте как основе письменной речи, для обогащения лексического и грамматического строя речи, для её стилистической дифференциации[2,с.11-13].

Указанные методические закономерности и принципы в своей совокупности являются теорией методики обучения языку и развития речи, руководствуясь которой целесообразно строить работу по развитию речи младших школьни-

ков, определять содержание, отбирать и структурировать средства и методы обучения на современном этапе.

Работу по развитию речи своих учеников строю в системе так, чтобы приоритетными оставались следующие цели:

- обогащение словарного запаса и грамматического строя речи учащихся;

- обучение выбору точных, выразительных, адекватных речевой ситуации языковых средств;

- обучение нормам языка и целесообразному, уместному применению его в зависимости от речевой ситуации, от смысла и стиля высказывания;

- совершенствование и развитие речевой деятельности учащихся, т.е. процессов порождения и восприятия речи, на всех уровнях языка - фонетическом, лексическом, морфологическом и синтаксическом; выработки основных качеств "хорошей" речи.

Развивать речь детей - значит систематически работать над её содержанием, последовательно учить детей построению предложений, вдумчивому выбору подходящего слова и его формы, постоянно работать над грамотным оформлением мыслей.

Задачу добиться творческого подъема в классе и тем самым способствовать прочному усвоению родного языка я решила с помощью разнообразных видов письменных работ. К ним относятся: творческое списывание, творческий диктант, свободный диктант, творческое изложение, творческое сочинение.

Все эти виды работ провожу в определённой системе, начиная с таких, которые требуют от учащихся меньшей самостоятельности. Первой ступенькой в этой работе является творческое списывание. Творческое списывание, прежде всего, должно быть сознательным. Сознательным же оно должно быть только в том случае, если учащиеся понимают содержание текста, умеют пересказывать его, объяснить правописание слов с уже изученными орфограммами.

Творческое списывание обычно усложняют заданиями, связанными с развитием речи. В ходе работы над текстом дети подбирают пропущенные слова, проводят орфографический разбор, затем текст списывается.

Например: Наступила... зима. Выпал... снег. Он покрыл... землю, деревья, крыши домов (и т.д.).

Творческий диктант может быть проведен на уроках закрепления и на уроках проверки знаний учащихся. Творческий диктант с ведением в него требуемых заданием орфограмм близок к творческому списыванию. При творческом диктанте текст воспринимается на слух, ученик должен тут же, чтобы не отстать от класса, подобрать нужное слово для вставки, т.е. работать быстрее, для чего необходим определённый навык.

Например: Было (жаркое, знойное) лето. Кузьма шел по (зеленому, пестрому) дугу. Вдруг

в (высокой, сочной) траве он увидел (маленьких, сла-бых) зайчат, (и т.д.) (Слова в скобках - дети подбирают сами)

Переходной ступенькой к изложению является свободный диктант. Он способствует развитию умения уловить ход мыслей автора, запомнить их последовательность связь. Для свободного диктанта необходим сюжетный текст.

Как известно, урок развития речи является разновидностью уроков русского языка, где основным упражнением традиционно считается изложение и сочинение.

Специфика выборочного изложения состоит в том, что дети учатся выделять в тексте отдельные темы, вычленивать материал, относящийся к той или иной теме, строить высказывание на основе собранного материала. Выборочные изложения, в конечном счёте, - связующие звено между изложением и сочинением.

Выборочные изложения, используемые в системе других видов работ по развитию речи, помогают научить школьников собирать и систематизировать материал, способствуют закреплению умения определять объём и границы темы высказывания, раскрывать основную мысль.

Задача учителя начальных классов состоит в том, чтобы развивать у детей потребность в написании увиденного, услышанного, прочитанного, учить без боязни делиться своими переживаниями, развивать потребность описывать красоту окружающей природы, красоты человека, приобщать его к миру прекрасного.

Чтобы сочинение получилось ярким, необходимо добиваться связности текста, красочности в описании, правильного построения предложения. Подготовка к написанию сочинения начинается задолго до этого. Дети выписывают отрывки из стихов, работают с текстами на тему сочинения, наблюдают, собирают иллюстрации. На уроке каждый старается поделиться знаниями, которые он добыл. Это очень важно, чтобы до написания сочинения дети уже работали над отдельными словами, предложениями.

На уроке развития речи, основное внимание уделено речевой деятельности учащихся, которая проявляется как в устной, так и в письменной формах. Цель такого урока - опираясь на полученные знания о языке, целенаправленно обогащать лексико-грамматический строй речи детей, учить их воспринимать (и понимать) чужую речь, а также строить собственные высказывания (тексты) в соответствии с нормами русского языка. Речь как деятельность по использованию языка в целях общения, познания, воздействия на других людей определяет содержание и структуру урока развития речи.

Кратко охарактеризую особенности речевых уроков. Специфика урока развития речи заложено уже в самом его названии: приоритет здесь отдаётся развитию языковой личности. Кроме того, она проявляется в целях, содержании, типологии уроков, а также в методах и приёмах обучения.

Основные цели урока развития речи:

- обогащение словарного запаса и грамматического строя речи учащихся; обучение нормам языка и их использованию в речи;

- формирование коммуникативной компетенции и развитие языковой личности, совершенствование коммуникативных умений;

- обучение навыкам культуры речи и речевого общения;

- развитие основных видов речевой деятельности: говорения, письма, слушания и чтения;

- развитие мышления и формирование процессов мыслительной деятельности (анализа и синтеза, абстракции и обобщения) средствами языка, используемыми в речи;

- знакомство с основными речеведческими понятиями, как теоретической основой обучения языку и развития речи.

Структура урока развития речи диктуется целями и содержанием учебных задач и речевых ситуаций.

Младший школьник с сегодняшнего дня получает большое количество информации из самых различных источников. Для использования этих сведений в своей жизни ученику необходимы не только знания, но и умение обладать грамотной речью для общения и жизни в обществе.

Развитие устной и письменной речи у младшего школьника предполагает не столько формирования системы знаний, умений и навыков, а самое главное всемерное развитие ребёнка в процессе обучения на всех ступенях школы [3, с.10-12].

Литература:

1. Анищенкова Е.С. Речевая гимнастика для развития речи дошкольников. - М.: АСТ: Астрель, 2007. - 61 с.

2. Дембицкая Н.В., Обухова Е.А., Бакулина Г.А. Методика интеллектуального развития младших школьников на уроках русского языка. -- М.: Владос, 2006. - 280с.

3. Политова Н.И. Развитие речи учащихся начальных классов на уроках русского языка/ Пособие для учителя.- М.: Просвещение, 1984.

4. Щеголева Г.С. Уроки развития связной речи в начальной школе: Методическое пособие для преподавателей начальных классов - СПб.: Специальная литература, 1997

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИСТИКАЛЫҚ ОБРАЗДАР ЖӘНЕ
М. ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Мақалада М.Жұмабаев шығармасындағы символизмнің көрінісі, яғни мистикалық образдардың көрінісі туралы қарастырылған. Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі символизмнің ерекшеліктері анықталған.

Түйінді сөздер: Символ, символизм, мистикалық образдар, лирикалық кейіпкерлер
Әд.10.

Ш. Кельмағанбетова

**МИСТИЧЕСКИЕ ОБРАЗЫ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ И НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ
ТВОРЧЕСТВА М.ЖУМАБАЕВА**

В статье раскрываются особенности творчества Магжана Жумабаева, т.е. проявления символизма и мистические образы в произведениях. Также рассматриваются особенности символизма в казахской литературе.

Ключевые слова: Символ, символизм, мистические образы, лирические образы
Лит.10.

Kelmaganbetova Sholpan¹

**MYSTICAL IMAGES IN KAZAKH LITERATURE AND SOME PECULIARITIES
OF M. ZHUMABAEV'S WORK**

The peculiarities of M. Zhumabaev's work i.e. the display of symbolism the peculiarities of symbolism in Kazakh language and mystical images in his works are given in this article.

Keywords: Symbol, symbolism, mystical images, lyrical images.
Lit.10.

Мәселенің қойылуы. Бүкіл қазақтың саяси-әлеуметтік, мәдени-ғылыми, тарихи-эстетикалық ой-пікіріне қозғау салып, серкелік жасайтын құдіретті күш қазақ халқының шығармашылық рухы, сөз өнері. Тым әріге бармай-ақ алты алашты ауызға қаратқан, қас-дұшпандарын алыстан-ақ қалтыратқан Абылай ханды оң жолға бастап, ақ батасын берген, терістігі болса, бетіне шыжғырып басқан, халық мүддесін жеке пиғылдан жоғары қойып, қазақтың дана да көркем сөзін мемлекеттік деңгейге шығарған Бұқар жырауды еске алайықшы. Бұл - қазақтың рухы басылмаған, өзінше ойлап пішуден қалмаған дәуірінің жемісі еді.

XX ғасыр қазақ даласына да жаңа дәуірдің жаршысы болып келді. Абай дәстүрін дамытып, жалғастырған ізбасар ақындар Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжандар тарих сахнасына шықты. Осы кездегі Ресейдегі саяси әлеуметтік өзгерістердің қазақ жеріне жаңғырып жетуі қоғамдық әлеуметтік ойдың өрісін кеңейтті. 1905 жылғы алғашқы орыс революциясының әсерінен қазақ даласына келген ағартушы демократтар әсері болды. Жоғарыдағы ақын-жазушылар бастаған қазақ ақын-жазушылары ұлттық сана-сезімді оятар бағыт-бағдар іздеді. Оны әрқайсысы өзінше тапты, өз пікірлерін бір бағытқа түзеді.

XX ғасырдың басы - қазақ халқының тарихында ұлы өзгерістермен үлкен асулар кезеңі, яғни, айбынды да айралы саяси күрес, ащы ыза мен кекке толы көтерілістер дәуірі болды. Дәл осы тұста қазақ арасында оқу-ағарту жұмыстары өркен жайып, қазақ зиялылары алдыңғы

қатарға шыға бастады. Қазақ тілінде кітап бастыру, газет-журнал шығару жолға қойылды. Халықтың сана-сезімі оянып, руханияттың басты көзіне айналды.

Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарда талдануы. Қазақ жазба әдебиетінің өткен ғасыр басындағы әдеби ағым-бағыттары турасындағы көзқарастарды қарастырғанда, бүгінгімен салыстырғанда олардың айтылған мерзімдеріне көңіл бөлу аса қажет. Өзімізге белгілі, "кемелденген социализм" дәуірінде жазылған әдеби зерттеулерде ғасыр басындағы шындықтар бұрмаланып келді.

Бірінші, қоғамдық күштерді белгілі символикада бейнелеп, сол арқылы оқушы көңілінде тиісті әсер қалдыру. Мәселен, алмас қанатты періште бейнесіндегі Бостандық, Азаткер Ғұн, керітартпа Түн баласы т.т.

Мағжанның негізгі тұлғасы, кейіпкерлер: от, күн, түн, шығыс пен батыс, жал- жал қарақан тобырлары т.б. Міне, мұның бәрі рәміздік белгілер. Рәміздік белгілер тікелей өмір суреті емес. Ақын жүрегіндегі лепті, күшті толқыныстар. Рәміздік (символ) нысандардың лексикасы, сөз қолданысы, өлең сазы, назы тіптен айрықша [2;174].

"Бостандық"- 1923 жылғы жинақта осы өлеңге автор "1918 жылы Сібірде революция дәуірінде жазылған" деген ескертпе жазады. Соған қарағанда бұл өлең Омбыны чехославактар мен Колчак үкіметін басып алған кезінде жазылса керек [3;433].

Мағжанның "Бостандық" өлеңінің ерекшелігі неде десек, бостандық символының "таң"

¹ Philologi master, Work Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz

емес, "періште" болуы ғана дей алмаймыз. Мәселе ишарат белгінің тосын, соны (бостандықты "періштеге" балау С.Мұқанов, С.Сейфуллинге тән болмауы өз алдына екендігіне ғана емес, сол белгілі қаншалықты ажарлап тұлғаланып көрсете білуінде. Алдымен ақын қиындықты тұспалдау арқылы берумен шектелмейді, сол ишараны кең дамытып, өзіндік биікке көтереді.

Жер жүзін қан басқанда,
Көбігі шығып аспаға.
Жын жолдас боп адамға,
Туралық, теңдік ұмытылып.
Инжіл, құран жыртылып,
Жатқанда жерде- табанда.

Мұндағы үлкейту, шарттылық (жер жүзін қан басу - әрине, әлсіреу) бір нақты суретпен (қанның көптігі, көлемділігі сондай, оның көбігі болуы, әрі сол көбіктің аспаға шығуы) ұласқан. Сондай-ақ адамға жын жолдас болуы да - шарттылық жемісі. Сөзбе - сөз ұғынып, адам жынмен жолдас болды деп түсінбейміз, жын тәрізді ерекше теріс сипатты дұшпандық иелері мен жолдас болуын қабылдаумен бірге "жын" сөзі туғызатын бір түрлі қорқыныш елегізуді де қоса қабылдаймыз. Инжіл, құранның жыртылып, табанда жатуы да сол кездегі басым көпшілігі дінге сенген халық ұғымына жақын түсінікті алумен бірге, сол оқиғаға белгілі бір кезеңдегі, белгілі бір елдегі дінге қарсы науқан биігімен емес, жалпы адамзаттық ортақ дәстүр мұнарасымен қарау нәтижесі деп түсіну керек. Өлеңде одан әрі бостандық белгісі - періште болып көрсетіледі:

Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды.
Келді ұшып бостандық.
Ғарыш нұрлы жүзі бар
Кәусар жібек сөзі бар,
Әдемі, алмас ақ қанат.

Көк есігі болмайтыны, оның пайда болып, ашылуы да ерекше құбылыс екені белгілі. Демек, көк есігі ашылуы да бостандық символы - періште артықшылығын дәлелдеуді негіздеп тұр. Періштенің "нұрлы жүзі", "кәусар жібек сөзі", "әдемі алмас ақ" қанаты болуы - бәрі бостандық белгісін ақынның қаншалық қадірлейтін көрсетеді. Осы орайда Сәкеннің бостандық символы - тұлпарды қалай күтіп, баптағанын еске алайық:

Таңды қарсы алмаққа
Тұлпарларды таптық біз.
Айдарына қызыл шоқ
Үкілеп сүзіп таптық біз
Қызыл шашақ - оқа ұстап,
Жібек жабу жаптық біз
Күміс ермек ерлесіп.
Жаратып, байлап бақтық біз.
(... "Асығып тез атандық" өлеңінен).

Мұнда нақты көрсету (тұлпар айдарына шоқ тағу) ажарлаумен (шоқтың қызыл болуы, оны үкілеп, сүзіп тағу, жабудың жібек болуы, ердің "күміс" екендігі т.б.) астаса алынған. Әйтсе де бостандық белгісін әдемілеуге келгенде, екі

ақынның да шарттылық пен ажарлауды пайдалануан біршама ұқсастық байқалса да, өлеңді тұтас оқып шыққанда, әр ақында әдеміліктің түрлі бояуға малынғанын көреміз.

Мағжанның осы топқа жататын өлеңдерінің бірі - "Пайғамбар" өлеңі. Б.Қанарбаева Мағжанның бұл өлеңінің өмірге келуі жөнінде былай түсіндіреді: "XIX ғасырдың аяғы XX ғ.басында монополистікке дейінгі капитализмнен, империализмге өту дәуірі аяқталды. Халықаралық аренада соғыс күштері жаңадан жіктеледі. Дүние жүзінің барлық елдерінің экономикалық және саяси дамуының әркелкілігі оларды өзара шиеленістіре түсті. Ресейдің Жапониямен болмай қоймайтын соғыс қатері күшейді. Ресейдің өз ішінде тулаған толқынды буырқанып, революциялық дағдарыстың толғағы пісіп жетіле бастады."

Күнбатыстан әлем халықтарына келе жатқан бұл апат, Ресейдің алдыңғы ойлы демократтарының наразылығын тудырды. Халық басына төніп келе жатқан бұл қауіпті орыс символиктерінің бірі Мережковский өзінің 1894 жылғы "Дети почи" өлеңінде бейнелеп жазды. Еліне төніп келе жатқан апаттан сақтандыруға тырысты. Өлеңде империалистерді құдайдың қарғысына ұшыраған түнектен туған, түн балалары деп атайды. Шіркін осы бір жемтікке таласқан құзғындардың ортасына жай түсітіп, жан-жаққа тарататын пайғамбар болса, мүмкін ол осы қырғыннан бойын сақтап отырған Шығыстан келер деп үміттенеді. Бұл - күнбатыстан келе жатқан апаттың алдын алып соғылған қоңырау еді. Мережковскийдің бұл болжамының дұрыс шыққанын уақыт дәлелдейді. Дүние жүзілік соғыс басталғанда, қазақ ақыны, оның данышпандық пікіріне тәнті болып, орыс ақынын "пайғамбар" деп атайды. Сөйтіп қазақ халқын оның пікірімен жақын таныстыру мақсатындағы әйгілі "Пайғамбар" өлеңі өмірге осылай келді.[4;46].

"Мережковскийдің "Түн балалары" (1894) Мағжан бір жасқа толғанда жазылған осы өлеңнің бір шумағын Мағжан кейін есейе келе "Пайғамбар" атты өлеңіне эпиграф етіп алады. Эпиграф етілген шумаққа қасіретті түн балалары бар үмітін Шығыстан ағарып атып келе жатқан таңмен байланыстырады. Таңмен бірге пайғамбар келе ме деп дәметеді. Бірақ бұлардың күтісі орыс суреткері Александр Ивановтың "Явление Христа народу" монументальдық полотносындағы пайғамбарды жарқын үмітпен күткен сорлыларға ұқсамайды. Мережковский өлеңіндегілер шетінен үміті кесілгендер ме, қалай?

Мы - над бездною ступени,
Дети мрака, солнца ждем:
Свет увидим - и, так тени
Мы в лучах его умрем,-

Деп күтпеген жерден қасіретті аяқталады Мережковский өлеңі.

Мережковскийден өзгеше, қазақ ақынының өлеңінде түн балалары емес, Шығыстан келеді

деп дәмеленетін Пайғамбардың өзі сөйлейді. Ол түн балаларына арнайы сәлем жолдағандай. Символистік өлеңнің жұмбағы көп. "Дети мрака" - "Түн балалары" кім, олар не себепті қасіретті? Соншама жазығы неде? Жұмбақ шымылдықты қазақ ақыны жүргендей. Күнбатысты қараңғылық қаптауын, көр көзділердің"

Қалайша күнәға батқандықтарын ол былайша түсіндіреді: батыс иманынан айырылған, жанын емес қарнын ойлайды, кеңірдегі сасыған топса. Олар тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның қанын ішкендер, Інжілді өртеп, Құранды аяққа басқандар. Сол себепті шулайды, ұлиды, көр көзінен жас төгіп, Күншығыстан бір Пайғамбарды күтеді. Және ол Пайғамбар көктен, ғарыштан келетін мифологиялық тұлғаға ұқсамайды. Сірә де Мағжан біздің сонау көне тегіміз Аттилланың күллі Европа құлдарын құлдық бұғаудан құтқарған ерлігің еске ала ма, әйтеуір Батысты азат ететін Пайғамбардың Күннен, Гуннен туғанын паш етеді.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,

Мен - Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.

Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, Гуннен туған Пайғамбар.

Мұнымен тынбай, ақын ерте күнде атты Күннен туған Гунның кім екендігін нақтылап, өлеңінің соңынан "Гун - түріктің арғы атасы" деп сілтеме жасайды.

Күншығыстан таң келеді - мен келем,

Көк күңіренеді мен де көктей күңіренем.

Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,

Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем! - дейді

Мағжан жырындағы Пайғамбар. Демек, символикалық стильде сарыуайым, дүниеден торығу, табыт мен көрден басқаны көрмеу, өлім күйін есту ғана кезікпейді екен. Еңдеше ақынның кеудесінен қараңғылықты, өмірге қабілетсіздікті көрушілердің айтып жүргені бос сөз. Мағжан енді ояна бастаған Шығыстың алып халықтары рухынан нәр алды да, күй қанатты басым билге көшті, атой салды, үлкен символдық бейнелер арқылы жахандық көлемдегі пафосқа көтерілді. Символистің де символисі бар. Бірі өлең жолына өрісті ой-пікірлерді сыйғыза алмаса, заманын нақтылы бейнелер арқылы суреттеуге мүмкіндік таппаса, Мағжан, керісінше, Бостандықтың өзіне символ тапты, романтикалық әуездің өзін ұлттық идеяға бағындырды, ешбір риторикасыз, айғай-ұйғайсыз нешеме континенттерге жетерлік дауыспен сөйледі [5; 284-285].

Осы "Күншығыс", "От", "Пайғамбар" өлеңдері жөнінде және Мағжан поэзиясын ақындық-азаматтық кредосын А.Шәріп: "Желісі көне" "Шығыс-батыс" проблемасындағы бұл тенденциямен жақсы таныс Мағжан өз тұғырнамасын тиянақтап алды да, ақындық-азаматтық бағдарламасын жүзеге асыру үшін түркішілдікке ("Орал", "Орал тауы", "Алыстағы бауырыма", "Тез барам", т.б.) табан тіреді және онысын шығысшылықпен түйістірді ("От" циклі). Ақын поэзиясындағы Күн, от образдарының саяси

айшық аңғартатыны - осы арнада" - деп қарастырады. М.Оразбек болса осы шығысшылық, түркілікті қазақи ортадағы бақсылық сезім ауанына сай алады да: "Мағжанға ғана тән бақсылық ауаны оның символизмін мүлде жаңаша бағытқа салып, поэзиядағы символизм үлгісін ұлттық таным аясында тың арнаға бұрады. Оның айрықша тұлғасын таңытатын ешкімге ұқсай бермес ұлттық символизмдік лирика қалыптастыра отырып, өзінің өзгеше даралық сипатын дәлелдей түсетін ақындық бір тұсы да осында жатыр", - деген пікір білдіреді [6;12].

"Пайғамбар", "Күншығыс", "От" өлеңдері ақынның өзге өлеңдеріне қарағанда, авторлық идея, поэтикалық мазмұн үш өлеңді бір-біріне жақындата түседі. Бірақ жеке-жеке алғанда үш шығармада да өзіндік айтары бар автор дарынның қайталанбас дербес қолтаңбасы екендігін мойындамасқа лажымыз жоқ [7; 49-56].

"Пайғамбар", "Күншығыс", "От" өлеңдері ақынның өзге өлеңдеріне қарағанда, авторлық идея, поэтикалық мазмұн үш өлеңді бір-біріне жақындата түседі. Бірақ жеке-жеке алғанда үш шығармада да өзіндік айтары бар автор дарынның қайталанбас дербес қолтаңбасы екендігін мойындамасқа лажымыз жоқ [8; 49-56].

Жалпы мәселенің шешілмеген жақтарын айқындау. Символизмнің философиялық астарын және ақын жанының ерекшеліктерін есепке алғанда Мағжанның бұл өлең А.Шәріп: "Символистердің өмір-өлім" ара қатынасын айқындауда сауаттанған, саналы түрде сүйенген қайнары - Ницшенің Мәңгі Қайта Оралу туралы ілімі", - деп байланыстырған болатын [9; 3]. Ал бұл жөнінде Ш.Елеукунов: "Мағжан өлеңдерінде жиі ұшырасатын өмір мен өлім проблемасы толығы үстінде Фрейдтің Танатос инстинкті дейтінге байланысты пікірлері қазақ ақынына қатты әсер еткендігі байқалады", - дейді. өлең "қажыдан енді, күш бітті" деп басталады да, өңшең ажалына кезіккендерді тізбектей жөнеледі. Бейтаныс адам о дүниеге аттанса да, жас қайың құласа да, майдандағы ұлан оққа ұшса да, Бетпақшөлде адасқан сорлы опат болса да, он бестегі сұлу көз жасына тұншығып жан тапсырса да, жас жігіт айдын көл астындағы толқын шаш жалаңаш сұлуларды құшқан бойда жан тәсілім етсе де - бәрінің рефрені, қайырма-сы біреу: өлім әрдайым ақынға тәтті күй болып естіледі. Ежелгі дәстүр бойынша сұм ажалға лағнет айтылмайды. Ақын жаны тітіренбейді, қайта "балқиды". Қорытынды шумақ былайша түзіледі:

Бетімнен тәтті бір сүйіп,

Алдыға алшы әлдилеп..

Келші, өлім, тезірек.

Жан ұшудан тоқтады,

Жынданып енді соқпайды.

Кешегі асау жас жүрек,

Балқиды жаның бұл күйге.

Мені де, өлім, әлдиле..

әлдиле, өлім, әлдиле!

Ақын шынымен-ақ қара басына өлім тіледі

ме, жоқ әлде не ойы болды екен бүккен? Өнердің үнемі түсінікті болуы шарт емес шығар. Мүмкін өнерді бір уақ түсіну де керек шығар? [10; 97].

"Өз басым осы өлеңді оқығанда оспаққа асылайын деп тұрған, не зиратқа қарай ентелеп бара жатқан лирикалық кейіпкерді көзіме елестете алмаймын. Өлең автордың тағдырына қатысты десек, бұның да қисыны шамалы. Өзін өлімге әддилеткісі келсе, Мағжан сол Карелия орманында қалудың айласын табар еді ғой. Жалпы, өзін өлімге қиған символисті көреміз. Мағжан өлеңінен біз әбден қиналған, тағдыр теперішін көріп қажыған, қапаланған адамның жан әлемін сезінеміз. Ажалды еске алу бұл арада гротеск ролін атқарып тұрған тәрізді. Нағыз ақын жүрегі дүниедегі не жақсылық, не жамандықтың бәрін магниттей өзіне тартып алады. Ол қуаныштан да, қайғыдан да жас төгу, өліп кеткісі келуі мүмкін. Мағжан сөйткен. Заманның қайғы-қасіретін жүрегінен өткізіп, дертіндей сезінген. Бірақ ол ешқашан болашақтан үмітін үзбеген", - дейді Ш.Елеукунов [11; 201]. Өмір азабынан өлім құтқарады дейтін минуттарды кім басынан кешпеген көбі оны ұмытады, ал ақын соған бір сәт тәнті бола қалады [12;126].

Зерттеудің негізгі нәтижелері. Символистік бағыт көркемдік мазмұнның рухани - эстетикалық терең мәнін белгілейді. Бұл үлгідегі көркемдік мазмұн мәдени - көркемдік дәстүр бірлігінен, қаламгерлердің дүниетаным ұқсастығынан және олардың алуандығы өмірлік проблемалардың ортақтығымен, түптеп келгенде, дәстүр тудырып отырған әлеуметтік, мәдени, тарихи жағдайлардың ұқсастығынан шығады. Дегенмен бір бағыттағы әр қаламгердің дүниетаным, проблемаға қарым-қатынасы, оларды шешу жолдары мен тәсілдеріне қатысты түсінігі, идеялық және көркемдік концепциялары әр түрлі болуы әбден мүмкін. Соған орай бағыттың әдеби мектептер мен топтардан айырмашылығы айқындалады.

Символизм қазақ поэзиясына үлкен олжа салды деуге болады. Символизм арқасында қазақ өлеңінің бұған дейін ашылмаған қырлары ашылды. Лирика жанрымыз жүрекке, сезімге бойлай түсті. Символистер санадан гөрі сезімге мольрақ берілетіні белгілі. Сезімнің талай мың құбылма күйлері әлі хатқа түсіп үлгермеген және де Мағжан өзінің жаңа ырғақ, дыбыстарды, буындарды түрлі-түрлі әуенде қоңыраулату арқылы ескі поэзиялық дәстүрлеріміздің бір қыдыруының күлпәрша-

сын шығарды. Сонымен қоса символизм - дүние-ежүзі әдебиеті дамуының белгілі бір сатысы екенін ескере кетейік. ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінің дүниежүзілік байланысын айтқанда да Мағжан поэзиясындағы символизм сарынының сол байланыс арқылы енгенін айта кетіп, қазақ әдебиетіне бұл ағымның бой көрсеткені зиянға емес, пайдаға шығады деп ойымызды қорытамыз.

Аталған бағытта жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері мен перспективалары. Қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби ағым мәселесі ең бір түйткіл мәселенің бірі екендігі белгілі. Біз осы магистрлік жұмысымызды жазу барысында әр кезеңде әр түрлі ғылыми-теориялық тұрғыда жазылған ғылыми еңбектерге сүйене отырып, М.Жұмабаев шығармасындағы осындай ағымдардың көрінісіне баса назар аудардық.

Әдеби мектептер мен топтардың мүшелерін идеялық-көркемдік таным бірлігі яғни бағдарламалық-эстетикалық тұтастық топтастырады. Ал бір бағытта бірнеше ағым, мектептің болуы ұшыраса береді. Демек, ағымдар бағыттың алуан түрлері болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы, "Қазақ университеті", 2002.
2. Тілешов Е. Суреткер және көркемдік әдіс. Алматы, 2005
3. Волков А. Очерки русской литературы конца XIX и начала XX века. Москва, 1955.
4. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. Алматы, "Ана тілі". 1989.
5. Жирмунский В.М. Введение в литературоведение. С. - П., 1996.
6. Жұмабаев М. Шығармалары. I том. Алматы, "Жазушы". 1989.
7. Елеукунов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. Алматы, "Жалын" ЖШС, 1997.
8. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап: оқу құралы/ жалпы ред. Басқарған Т.Кәкішұлы: Алматы: Қазақ университеті, 2002.
9. Ысқақұлы Д. "Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған". Алматы: ҚАЗАқпарат, 2004.
10. Мұстафа мен Мағжан - Тұран елінің даналары, Алматы, 1993.
11. Шәріп А. Қазақ символизмі // Қазақ әдебиеті, 9 шілде, 1999.
12. Елеукунов Ш. Арсының ақыны. // Таңшолпан, 2002, №4.

Мақалада, қазіргі таңда шетелдік инвестицияларды тарту саясатын жетілдіру бағыттары ел экономикасының шикізаттық бағдарлануын азайтуға мен ауылшаруашылық сияқты салалардың дамуын қамтамасыз етуге жұмылдырылу қажеттегі негізделеді. Сондай-ақ шетелдік инвестицияларды тарту аймақтардың әлеуметтік дамуындағы теңсіздік пен депрессивті аудандардағы жұмысбастылық мәселелерін де шешеуге бағытталуы керек.

Түйінді сөздер: мемлекеттік инвестициялық саясат, шетелдік инвестициялар, инвестицияларды салалық қайтабөлу.

Әд. 5.

Құттыбай М.
ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ИНВЕСТИЦИОННОЙ
ПОЛИТИКИ ГОСУДАРСТВА

В статье обосновывается необходимость концентрации и направления привлекаемых иностранных инвестиций на снижение сырьевой направленности национальной экономики и поддержку таких отраслей как сельское хозяйство. Кроме этого привлечение иностранных инвестиций должно быть направлено на решение проблем социального неравенства в регионах и повышение занятости в депрессивных районах.

Ключевые слова: государственная инвестиционная политика, иностранные инвестиции, отраслевое перераспределение инвестиций.

Лит. 5

Miras Kuttybay
FOREIGN EXPERIENCE OF IMPROVING THE INVESTMENT
POLICY OF THE STATE

Article proves necessity concentrating and directing attracted foreign investment to reduce raw material orientation of the national economy and support industries such as agriculture. Besides the attraction of foreign investment should be focused on solving the problems of social inequality in the regions and increasing employment in depressed areas.

Keywords: public investment policy, foreign investment, sectoral reallocation of investment.

Lit. 5

Қазіргі заманғы жағдайларда нарықтық қайта құруларға және экономиканың жаңа сапалы ахуалға көшу тиімділігінің басты және анықтаушы белгісі экономикалық өсудің тұрақты, орнықты қарқындылығына қол жеткізу болып табылады. Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясымен анықталған негізгі жеті бағыттарының бірі - шетелдік инвестицияларды тарту осы экономикалық басымдықтың шарты болып табылады. Осы басымдықты іске асыру шетелдік капиталдар мен ішкі жинақ қаражаттарды тарту, осындай даму траекториясына шығу арқылы экономикалық өсуін жаңартуды білдіреді, Қазақстан макроэкономикалық тұрақтандыруға және кейбір салаларды көтеруге, сондай-ақ барлық экономиканың егжей-тегжейлі тұрақты, қарқынды өсуіне қол жеткізе алды [1-2].

Осы мәселені шешу, бәрінен бұрын, экономикалық өсу сияқты, сондай-ақ инвестиция ретінде теориялық пайымдауды талап етеді. Теориялық модельдер мен экономикалық өсу және инвестицияларды зерттеудің практикалық маңызы зор, өйткені олар теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырады, онда белгіленген уақыт ішінде елді мемлекеттік реттеу бағдар-

ламасы негізделеді. Инвестицияларды мемлекеттік реттеудің теориясы мен практикасы өзара тығыз байланысты, соңғысы экономикалық теорияның дамуы арқылы нығайтуды талап етеді.

Қазақстанда экономиканың нақты секторын инвестициялау қаржы ресурстарын жоспарлы кезеңде орталықтан шоғырландыру және бөлудің көмегімен жүзеге асырылды. Әміршіл-әкімшіл жүйенің және оған тән реттеудің дерективті әдісінің жойылуымен оның тетіктерін жеке инвестициялық-қаржылық мекемелер түріндегі орталықтандырылмаған қаржыландыру институттары ауыстыруы тиіс еді. Іс жүзінде осындай ауысу болмады.

Нарықтық жағдайда инвестициялық үдеріс кәсіпкерлік негізінде нәтижеге жету, пайда (табыс) табу мақсатында инвестиция нарығында шаруашылық субъектілерімен жүзеге асырылады. Инвестициялық үдерістер қоғамдық өндірістің маңызды элементтері болып табылады. Бұл еңбек қаражатын табиғи тозу үдерісінде шығатын еңбек қаражатын алмастыру ғана емес, сонымен бірге өндірістің қуаттылығын, оның ішінде ең жоғары сапалы деңгейде ұлғайту, халықтың қалыпты тіршілігін қамтамасыз

¹ Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің 2-курс магистранты


ету.

Инвестициялық үдерістің мәні бойынша белсенділігін экономиканың өміршеңдігі айқындайды. Капиталды қайта кеңейтіп өндіру үдерістері тиімдірек жүргізілсе, еліміздің өндірістік аппараты мен әлеуметтік инфрақұрылымы ойдағыдай дами түседі.

Жалпы алғанда, инвестициялық үдеріс - яғни кім ақша ұсынса (уақытша еркін қаражаты барлар), кім сұраныс жіберсе (оларға көрсетілетін қажеттілік) осылардың орнына қолданылатын мәліметтер тетігі. Тараптардың екеуі де әдетте, инвестициялық нарықта тұлғалар арасында (мемлекет, заңды, жеке тұлғалар, институттар және т.б.) мәміле жасау, келіссөз жүргізу, сұранымы мен ұсынысы бойынша мәселелерді шешу үшін кездеседі [3].

Инвестициялық үдеріс - белгілі бір уақыт аралығында сұраныс, ұсыныс пен қажеттілік негізінде инвестициялар өндірістік қорлардың тиімді қолданылуына, болашақ жетілдірілуіне және жағдайдың жақсаруына ықпал ететін күрделі, серпінді дамып отыратын әлеуметтік-экономикалық жүйе.

Еліміздің инвестициялық үдерісін мемлекеттік реттеудің басты мақсаты нормативтік-заңнамалық базаны одан әрі жетілдіру мен тиімді инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдау негізінде капитал салымдарын қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерін кеңейту мен жеке меншік отандық және шетел инвестицияларын тарту үшін қолайлы орта құру болып табылады (1 сурет).



1 сурет. Мемлекет пен инвесторлар арасындағы қарым-қатынас

Экономиканы мемлекеттік реттеуде мемлекет пен инвесторлар арасындағы іс-қимылдар нарықтық механизм арқылы жүзеге асырылуымен байланысқан жағдайда инвестициялық үдерістің жандануы біршама оң нәтижеге жетеді.

Сонымен қатар, әлем елдерінің шеңберінде инвестициялық ресурстарды тарту мен пайдалану сызбаларының алуан түрлілігі барысында олардың барлығында негізгі қайнар көз

ретінде шетелдік капиталды атап өтуге болады. Бұл аталмыш инвестициялық ресурстың экономикалық өсімді қамтамасыз етуде қандай рольге ие болу ауқымы және қызметтеріне байланысты.

Шетелдік капиталдың ұлттық экономиканың дамуына қатысуы, ең алдымен, елдің халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуы мен әлемдік экономикалық кеңістіктегі капиталдың еркін қозғалысының объективті заңдылықтары-

мен байланысты екені баршаға мәлім. Әлемдік экономиканың тарихы, әсіресе дамушы елдер экономикасының тарихы капитал импортының олардың экономикалық өрлеуінің шешуші факторына айналатынын да дәлелдейді.

Экономиканың өрлеуіндегі шетелдік капиталдың шешуші ролі айқын көрініп-ақ тұр, жекелей алғанда, Оңтүстік-Шығыс Азияның жаңа индустриалды елдерінің мысалында. Тек оның тікелей қатысуы кезінде ғана аталмыш елдер қазіргі таңдағы индустриализация, импорттың орын басушы салаларды дамыту (XX ғасырдың 60 жылдары), экспорттық потенциалды құру (XX ғасырдың 70 жылдары) және ғылыми сыйымды салаларды дамыту (XX ғасырдың 80-90 жылдары) сияқты классикалық болып табылатын кезеңдерден жедел түрде өтті. Ғылыми сыйымды өнімдер сияқты, жаңа өнім түрлерін өндіру нәтижесінде жаңа индустриалды елдер әлемдік шаруашылықтың алдыңғы қатарларына шықты.

Шетелдік инвестициялардың көмегімен Бразилия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде импорттың орнын басушы өндірістер мәселесі мен экспорттық потенциалды біртіндеп арттыру мәселелері шешілді. Мұнда Бразилия дамушы елдер үшін ауыр болып табылатын займдар мен несиелерді алуға емес, тікелей шетелдік инвестицияларды тартуға, өзара тиімді шарттарда қазіргі таңдағы өнеркәсіптік өндірістерді құруға ұмтылған. Сол уақытта, шетелдік корпорациялармен экономикалық ынтымақтастық қалыптасқан фирмалық арналар мен өнімді өткізу нарықтарын пайдаланатын мүмкіндіктері бойынша ұйымдастырылған.

Осылайша, халықаралық инвестицияларды тарту формалары мен қағидаларының алуан түрлілігі барысында дамушы елдер үшін капитал импорты әлеуметтік экономикалық өсімді жылдамдатудың қуатты катализаторына айналды (геруге айтарлықтай қаражаттар талап етіліп, неғұрлым жоғары кепілдендірілген әсер бере алатын табиғи байлықтардың болуы барысында тартымды да тиімді пайдалануға қатысты). Мұндай жағдайда шетелдік инвестициялардың әсері интегралды болады.

Сонымен қатар, қабылдаушы ел экономикасындағы шетелдік капиталдың ролі барлығы ойлайтындай бірқалыпты емес. Халықаралық капиталдың белгілі жағдайларда ғана ұлттық экономиканың өсіміне ықпал ететіні анық. Бұл жағдайлар дұрыс саясатты таңдап, оны максималды пайдалылықпен және нәтижелілікпен пайдалануға қатысты. Бұл кәсіпкерлік емес, несиелік негіздегі шетелдік капитал формаларына қатысты. Олардың тиімсіз пайдаланылуы тек сыртқы қарызды арттырып, елдегі экономикалық жағдайды нашарлатуға ғана қабілетті [4].

Алайда, аталмыш мәселенің болуы өзге қаржыландыру көздерінің ішінде халықаралық капиталдың экономикалық даму деңгейі әр түрлі елдер үшін ролі мен орны мәселелерінің жеткіліксіз теориялық зерттелмегенін ғана

дәлелдейді. Дамушы елдер үшін меншік инвестициялық ресурстардың жеткіліксіздігі капитал импортының мәселені шешудің жалғыз ғана жолы болып табылады дегенді білдіретіндігі анық.

Капиталдың бір елден екінші елге құйылуы компаниялардың түрлі елдердегі өнімді өндірудің жекелеген кезеңдерін шоғырландыруға ұмтылысын білдіреді. Өнеркәсіптік дамыған елдердің компаниялары, әсіресе ірі компаниялары ұлттық шекаралардан шыға отырып, неғұрлым трансұлтты компанияларға айналады. Түрлі елдерде орналасқан кәсіпорындары бар ірі трансұлттық компаниялардың құрылуы халықаралық мамандану мен кооперацияның жылдамдауына әкеледі. Капиталдың өзара қозғалысы, оның негізінде трансұлттық компаниялардың құрылуы негізінде әлемдік шаруашылықтағы елдің өзара тәуелділігін тереңдетудің маңызды факторы болып табылатын шетелдік инвестициялар жатыр.

Осылайша, дамушы экономикадағы инвестициялық шығындардың деңгейі уровень кем дегенде өндірістің қалыпты деңгейін қолдау үшін жеткілікті болуы тиіс. Осы мақсатта кез-келген елдің экономикасы үшін шетелдік инвестициялардың құйылуы өмірлік маңызды болып табылады.

Экспорт саласындағы қиындықтар мен өткізу нарықтарының күрделене түсуіне байланысты сыртқы нарықтарды жаулап алуда капиталдың сыртқа шығарылуы зор рольге ие. Капиталдың сыртқа шығарылуы капиталдың бір бөлігі бір елдің ұлттық айналымынан алынып, оның өндірістік процестің түрлі формаларына (тауарлы, ақшалай) орналастырылуы жүзеге асатын процесті білдіреді.

Капиталдың сыртқы шығарылуы түрлі елдердің экономикалық және саяси даму теңсіздігі күшеюінің басты себептерінің бірі болып табылады. Бір елдердің экономикалық өсімінің жылдам қарқыны мен өзінің өндірістік күштерінің даму қарқынынан артта қалып отырған өзге елдердің халықаралық қаржылық қолданғыс монополиясы арасында сәйкессіздік туындайды.

Инвестицияларды, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тарту мәселесіне қатысты түрлі тәсілдемелер аталмыш түсінікті халықаралық капитал қозғалысы теориясы арқылы қарастыруды болжайды (яғни, капитал салымдарының ерекше инварианты түсінігі мүмкін болғанда).

Халықаралық капитал қозғалысы - бұл капиталды сыртқа шығару және сырттан енгізу. Еңбек сияқты, капитал да елдер арасында орын ауыстыра алады. Дәстүрлі түрде халықаралық капитал ағындары мынадай формаларға жіктеледі: жеке және мемлекеттік, ссудалық және кәсіпкерлік, тікелей және қоржынды, ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді.

Мемлекеттік инвестициялар - бұл халықаралық орын ауыстыруы үкіметаралық келісім-

дермен анықталатын мемлекеттік займдар, ссудалар, гранттар, көмек. Осыған несиелер мен халықаралық ұйымдардың өзге де қаражаттарын жатқызуға болады, бірақ қандай жағдай болмасын бұл салық төлеушілердің ақшалары.

Жеке капитал - бұл шетелге орналастырылатын немесе шетелден жеке тұлғалармен (жеке немесе заңды) алынатын мемлекеттік емес қайнар көздердің қаражаттары.

Капитал ссудалық формада өз иесіне депозиттер, өзге салымдар, несиелер бойынша пайыз түрінде табыс әкелсе, ал кәсіпкерлік формадағы капитал - тек пайда түрінде ғана табыс әкеледі. Дәстүрлі түрде кәсіпкерлі капиталға тікелей және шетелдік инвестицияларды жатқызады.

Тікелей инвестициялар - бұл бір елдің шаруашылық бірлігінің өзге елде орналасқан кәсіпорынның іс-әрекетіне тұрақты ықпал етуге ұмтылуын сипаттайтын халықаралық инвестициялық іс-әрекет категориясы.

Тікелей инвестициялау бірлескен және толығымен шетелдік кәсіпорындарды құру формасында жүзеге асырыла алады. Субкелісім-шарттар, басқарушылық шарттар, франчайзинг, лицензиялық мәмілелер, өнім тарауы сияқты түрлі акционерлік емес формалар да белсенді дамып, әрекет етуде.

Портфельдік инвестицияларға (қоржынды) инвесторға қаражат салынған объектіні басқаруға қатысу құқығын бермейтін шетелдік құнды қағаздарға салынатын инвестицияларды жатқызады [5, б.28].

Қазіргі таңдағы тікелей инвестициялау бұл тек капитал қозғалысы ғана емес, сонымен қатар бұл түсінік неғұрлым кең мағынаны қамтиды. Инвесторларды тәуекелге барып, ақшаларын тікелей негізде салуға итермелейтін себептерді қарастырайық.

Шетелдік компания ұлттық нарыққа келгенде, ол, тәртіп бойынша, отандық кәсіпорындардың қолы жетпейтін белгілі бәсекелік артықшылықтарға ие болады. Әдетте ол басымдық технологияның болуымен, патентке ие болумен, басқарудың жақсы ұйымдастырылуымен байланысты. Келесі нұсқа - жергілікті кәсіпорындарда болмайтын аса ірі мөлшердегі капитал көздеріне деген иеліктің болуы.

Ұлттық дамуға шетелдік капиталдың алғашқы салымы оның ұлттық жинақтардың қолма-қол көлемімен инвестициялардың қалаулы көлемін салыстыру барысында ресурстардың тапшылығын толықтыратынын тұрады.

Екінші жағымды жағдай шетелдік инвестициялардың даму бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қажетті шетел валютасының көлемі мен ұлттық экспорттан түсетін таза түсімдер көлемі арасындағы айырманы толтыруға мүмкіндік беретінін тұрады.

Елге келетін шетелдік инвестициялардың ағыны шеше алатын үшінші мәселе - бұл мемлекеттік бюджетке түсетін болжамды салықтық түсімдер мен салықтардың нақты алынған со-

масы арасындағы айырманы жою.

Шетелдік инвестицияларды қолдайтын төртінші аргумент, бұл олардың ағыны жартылай болсын басқарушылық және кәсіпкерлік тәжірибе мен технологияның жетіспеушілігін толтыратынтығы.

Сонымен қатар, ішкі қайнар көздердің шектілігі жағдайында халықаралық капитал экономиканы қайта құрылымдау, ғылыми-техникалық артта қалуды жеңу, нарықтық инфрақұрылымды құру, отандық кәсіпорындарды нарықтық қаржы-экономикалық қатынастардың әлемдік талаптарына бейімдеуге қабілетті. Шетелдік капитал мен инвестицияларды тарту артта қалып қойған және депрессивті аудандарды дамытуға да ықпал етуі мүмкін.

Институционалды қайта құрулар нарықтық экономиканың жаңа институттарын қалыптастыру арқылы экономикалық жүйені реформалауды білдіреді, олар мынадай институттар: банктік-қаржы жүйесі, ұйымдасқан тауарлы және қор нарықтары, бизнесті ұйымдастырудың жаңа формалары және т.б.

Шетелдік инвестицияларды тарту мен пайдаланудың теоретико-қолданбалы аспектісінде сыртқы несиелеу мен қарыз беру саясатының дұрыс жүргізілгендігін анықтауда маңызды фактор болып табылатын инвестицияларды тарту формаларының мазмұнды бөлігін анықтауға қатысты бастапқы әдістемелік тәсілдемелерге ие. Осыған байланысты, инвестицияларды тарту тиімділігін анықтау мәселесінің нарықтық қатынастарға өтіп, шаруашылық етудің дамыған экономика-қаржылық механизмімен ие болмайтын транзитті елдердегі инвестициялық саясатты өңдеу барысында шешуші болып табылатынын айта кету керек.

Шетелдік капитал ағынының қалыптасқан сызбасы үш арна бойынша жүзеге асырылады: дамуға ресми көмек, экспорттық несиелер мен тарту мен пайдалану көздері бойынша бастапқы бағдарға ие болмайтын кәсіпкерлік капитал.

Алайда, бірқатар авторлар ағынның жіктелуіне қатысты аталмыш көзқарас бірқатар жөнсіздіктерге ие деп есептейді, өйткені экспорттық несиелер мен дамуға ресми көмек капитал ағынының әр түрлі формалары болып табылмайды, себебі екеуі де несиелік негізге ие (басым бөлігі - экспорттық несиелер, аз бөлігі - дамуға ресми көмек).

Елдер инвестициялық саясатты өңдеу барысында шетелдік капиталды тарту барысында қол жеткізе алатын мақсаттардың тізімі айтарлықтай кеңейе түседі. Мұнда әрекет етуші кәсіпорындарды жаңаландыру туралы ғана сөз қозғалуы мүмкін, бірақ ол мынаны да қарастыруы мүмкін:

- Құрылымдық қайта құру, қазіргі таңда шығарылмайтын немесе ішкі наық қажеттіліктері үшін жеткіліксіз көлемде өндірілетін өнімдерді өндіру үшін жаңа кәсіпорындарды құру;

- Жаңа экспортқа бағдарланған және импорттың орнын басушы өндірістерді құру;
- Бәсекелестікті дамыту үшін жаңа шаруашылық бірліктерді құру;
- Ішкі нарық үшін, сондай-ақ экспорттық потенциалды кеңейту үшін пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын жедел игеру;
